

Өңірдегі жүйелі жұмыс нәтижесі



2-бет

Ұрпақ қамы – ұлт қамы



3-бет

Этнографтың жаңа кітабы жарық көрді



8-бет

Кітап кеңейткен көңіл көкжиегі



Кітапты қадірлеген жұрттың рухани тамыры да берік. Осыны айқын аңғартқан «Кітап оқитын ұлт» жобасы Қарағанды төрінде салтанатты түрде мәресіне жетті. Пилоттық форматта басталса да, санаулы айлардың ішінде тұтас қоғамдық қозғалысқа ұласқан бұл бастама кітапқұмар жандарды білім бәйгесіне қосып, кітаптың құнын қайта жаңғыртты. Кеншілер аймағы оқырмандық белсенділік бойынша оқ бойы озық шығып, ұлттық интеллектіні дамытудың жаңа үлгісін көрсетті.



Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Игі бастама өңірде қарапайым байқау деңгейінен асып, шын мәнінде қоғамдық сипат алды. Жоба оқырман мәдениетін дамытуға, әдебиет арқылы зияткерлік әлеуетті нығайтуға және қоғамда кітаптың құнын қайта жаңғыртуға бағытталды. Ұлттық кітап күні қарсаңында ел көлемінде қорытындыланған «Кітап оқитын ұлт» жобасы аясында бірінші орын иегерлерін Астанада «AMANAT» партиясының төрағасы, Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошанов марапаттады.

Пилоттық жоба Қазақстанның үш өңірінде – Қарағанды және Қостанай облыстарында, сондай-ақ, Шымкент қаласында жүзеге асты. Шымкент қаласы, Қарағанды және Қостанай облыстарында пилоттық форматта өткен жоба

тоғыз айда 190 мыңға жуық адамды қамтып, шамамен 2 миллион кітап оқылды. Алты бағыт бойынша 462 жеңімпаз анықталды. Ал, Қарағанды облысы қатысушылар саны бойынша ең жоғары көрсеткішке қол жеткізіп, өңірде 67 824 адамды қамтыды.

Өңірде жетелі жоба алты негізгі бағытты қамтыды. Атап айтқанда, «Оқитын мектеп» бағыты бойынша 30 534 адам, «Оқитын

педагог» бағыты бойынша 17 002 адам, «Оқитын әулет» санатында 10 987 адам, «Оқитын колледж» бағытына 4 788 адам, «Оқитын университет» бағытына 3 074 адам, ал, «Оқитын мемлекеттік қызметші» бағыты бойынша 1 439 адам қатысты.

Облыс әкімі Ермағанбет Белекпаев қатысушыларды құттықтап, жобаның рухани және стратегиялық маңызына тоқталды.

– Былтыр республикада бірінші болып осы жобаны қолға алып бастадық. Шынын айтсам, алғашқы кезде көңілде күмән да болды. Өйткені, сананы тұрмыс-тіршілік пен технология төстеп билеген заманда кітап оқитындардың қатары азайып бара жатқаны жасырын емес. Соған қарамастан, біз тәуекелге бел будық. Себебі, дәл бүгін қолға алмасак, ертең саналы қоғам туралы сөзіміз

бос ұран болып қалуы мүмкін. Қазір ақпарат көп, бірақ оның бәрі бірдей білім мен даналыққа бастай бермейді. Сондықтан, кітап – тек жеке тұлғаны қалыптастыратын құрал емес, азаматтық жауапкершілігі жоғары, ойлы қоғамды тәрбиелейтін қатары азайып бара жатқаны жасырын емес. Соған қарамастан, біз тәуекелге бел будық. Себебі, дәл бүгін қолға алмасак, ертең саналы қоғам туралы сөзіміз

білімге ынталы адам. Сол себепті, біз зияткерлік жобаларға айрықша мән береміз және алдағы уақытта да қолдай береміз, – деді облыс әкімі.

Байқау қорытындысы бойынша жеңімпаздарға қомақты ақшалай сыйлықтар табысталды. Атап айтқанда, I орын – 1 000 000 теңге, II орын – 600 000 теңге, III орын – 400 000 теңге.

– Бұл жеңіс біз үшін күтпеген сый болды. Ең бастысы, бұл доғада үш досыммен бірге қатысып, бір команда болып ұйыса білдік. Біз оқыған әрбір шығарманы оқып қоймай, мұғалімдерімізбен бірге қызу талқыладық. Олар бізге кей-іпкерлердің ішкі әлемін түсінуге, жазушының айтпақ ойын тануға көмектесті. Жоба кітапты терең талдауды және өз ойымды жүйелі жеткізуді үйрендім. Достарыммен бірге осындай биікті бағындырғаным өте қуаныштымын, – деді б-сынып оқушысы, жоба жеңімпазының бірі Марат Аманберлі.

Айта кетейік, жобаны іске асыру үшін аймақта арнайы жобалық кеңсе құрылып, ол бүкіл жұмыстың үйлестіруші әрі мазмұндық орталығына айналды. Тек ақпараттық деңгейде ғана емес, шалғай ауылдар мен аудандарға түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, өңір тұрғындарын кеңінен тартуға басымдық берілді.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

БАСПАСӨЗ-2026

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2026 жылдың II жартыжылдығына жазылу наұқаны жалғасуда. Күнделікті жаңалықтар, сараптамалық мақалалар, мәдениет пен спортқа арналған жарияланымдар – бәрі бір газетте. Газетке жазылуды «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ Ермеков көшесі, 33 үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияда ресімдеуге болады.

«Ortalyq Qazaqstan» – ақпаратқа сенім, жаңалыққа жақын!

Санаттар	Баламалы жазылым	«Қазпошта» АҚ Қала (теңге)	«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	6 айға 7600 теңге	6 ай 13 770,14	10 141,30
Жеке жазылулар үшін	6 айға 4000 теңге	6 ай 6 141,30	5 891,30

Анықтама телефоны: 41-26-85, 8-702-638-56-85, 8-705-902-04-05.

E-mail: ot.del.pochtovoy@bk.ru



Касп QR арқылы жазылуға болады

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!
«Ortalyq Qazaqstan» газеті редакциясында баспа бағасы бойынша (жеткізу қызметтерінің құнысыз) баламалы жазылу жүргізіледі.

Дәстүрлі эстафетада – кіл мықтылар

Облыстық «Индустриальная Караганда» газетінің дәстүрлі жеңіл-летикалық эстафетасы биыл 79-шы рет жалауын көтермек. Жылдар бойы дәстүрін үзбеген атаулы күн спортсүйер қауымының мерекесіне айналғаны қашан?! Биылғы эстафетаның мәні, тіпті, айрықша. Өйткені, аймақтың бас басылымы «Ortalyq Qazaqstan» мен «Индустриальная Караганда» газетіне – 95 жыл. Биылғы эстафета қос газеттің мерейтойына және Ұлы Жеңістің 81 жылдығына арналмақ. Жарыстың ресми ашылуы 2 мамырда Қарағандының Оңтүстік-Шығыс бөлігіндегі Сарыарқа көшесінде орналасқан «Тутұғыр» композициясы алдында өтеді.

мықтыны анықтамақ. Сегізінші және тоғызшы кезеңде I және II дивизион колледждерінің студенттері, Т.Бигелдинов атындағы әскери мектеп-интернат пен Ә.Молдағұлова атындағы спорттағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттың тәрбиеленушілері (ерлер мен әйелдер) бақ сынасады. 10 және 11 кезеңдерде өндірістік ұжымдар, түрлі ұйымдар, спорт клубтары



Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Дәстүр бойынша эстафетаға жүгіруді серік еткен спортшылар, салауатты өмір салтын ұстанушылар, өндірістік ұжым өкілдері, студенттер мен оқушылар, әскери қызметкерлер, қоғам белсенділері және ардагерлер қатыса алады. Эстафетаның жалпы қашықтығы – 3300 метр. Өрі 10 кезеңге бөлінген. Бағдарлама аясында барлығы 13 жүгіру кезеңі ұйымдастырылады. Доға дәстүрлі «Достық» жүгірісімен басталмақ. Бұл кезеңге әуесқой спортшылар, ардагерлер, балалар және мүмкіндігі шектеулі жандар қатысады.

Екінші және үшінші кезеңде тоғыз жылдық мектептердің ұлдары мен қыздары өзара бақ сынаиды. Төртінші және



бесінші кезеңде №1-49, №93 және №101 жалпы білім беретін 11 жылдық мектептердің оқушылары жарыс жолына шығады.

Алтыншы және жетінші кезеңде №50-104 жалпы білім беретін 11 жылдық мектептердің ұлдары мен қыздары өзара

мен күштік құрылымдардың өкілдері, Ішкі істер органдары, Қарулы күштер, Төтенше жағдайлар қызметі және күзет ұйымдары (ерлер мен әйелдер) өзара мықтыны анықтайды. Ал, соңғы, 12 және 13 кезеңде жоғары оқу орындарының студенттері, Ә.Молдағұлова атындағы облыстық спорт

мектеп-интернаты-колледжінің тәрбиеленушілері (ұлдар мен қыздар) доғаға түспек.

Жарыс қорытындысында жеңімпаздар мен жүлдегерлер марапатталып, дәстүрлі бөсекенің салтанатты жабылу рәсімі өтеді.

Көмек көрсеткішпен шектелмейді



Облыста жыл басынан 860-тан астам мүмкіндігі шектеулі жан жұмыспен қамтылып, еңбек нарығына тартылды. Одан бөлек, биыл өңірде мүгедектігі бар азаматтарға арналған жұмыс орындарының квотасы 291-ге дейін ұлғайтылған. Алайда, өңір басшылығы бұл көрсеткішпен тоқтамай, мүмкіндігі шектеулі азаматтарды жұмыспен қамтуды жаңа деңгейге көтеруді көздеп отыр.



Сурет облыс әкімінің сайынан

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев та бұл көрсеткіштерді жеткілікті деп санамайды. Оның айтуынша, өңірдегі әлеует әлдеқайда жоғары, сондықтан, жұмысты жаңа тәсілдермен жандандыру қажет.

– Бұл бағыттағы жұмысты күшейтіп, тәсілдерді қайта қарастыру қажет. Өңірде жаңа кәсіпорындар ашылып жатыр, сол жерде де мүмкіндігі шектеулі жандар үшін жұмыс орындарын қарастыруға болады. Бизнесі тарту керек, нақты мысалдар көрсету қажет. Әлеуметтік қолдау мен олардың өмір сүру сапасын арттыру – біздің басты міндетіміз, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Ресми мәліметке сүйенсек, Қарағанды облысында 54 690 мүгедек азамат тіркелген. Олардың жартысы еңбекке қабілетті. Бұл – жұмысқа орналастыру бағытында жүйелі әрі кешенді шараларды талап ететін ауқымды міндет.

Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Ғалымжан Спаськовтің айтуынша, жыл басынан квота

аясында 153 адам жұмысқа орналасқан. Бұл процестің ашық әрі тиімді болуын қамтамасыз ету үшін автоматтандырылған жүйе енгізілген. Электрондық еңбек биржасында квота белгіленген жұмыс берушілердің тізімі жарияланып, мансаптық орталықтар жұмыс іздеушілермен жұмыс берушілер арасында дәнекер ролін атқаруда.

Сондай-ақ, өңірде жаңа бастамалар да қолға алынууда. Солардың бірі – JOB COACH жобасы. Бұл жоба аясында мансаптық орталықтар арналған кеңес беру және жұмысқа орналастыру орталығын ашу жоспарлануда. Бұл бастама әлеуметтік қызметтердің қолжетімділігін арттырып, жұмыс іздеушілерге нақты көмек көрсетуге мүмкіндік береді.

Өз тілшімізден

Өңірдегі жүйелі жұмыс нәтижесі

Қарағанды облысында соңғы жылдары байқалған оң өзгерістер нақты цифрлармен дәлелденіп отыр. Жұмыссыздық деңгейі 4 пайызға дейін төмендеп, өңірлік экономика 5,4 пайызға өсті. Үш жылда жалпы өңірлік өнімнің 27 пайызға ұлғаюы – жүйелі жұмыстың жемісі. Осылайша, «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасы аясында қолға алынған бастамалардың өңір дамуына әсері айқын көрініс берді.

Салтанат ІЛИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыстық мәслихаттағы депутаттық фракцияның кеңейтілген отырысында Жол картасының аралық қорытындылары талқыланып, өңірдің бүгінгі ахуалы мен болашақ бағыттары сараланды. Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев бұл нәтижелер кездейсоқ емес екенін атап өтті. Оның айтуынша, партиямен үйлесімді жұмыс жүргізудің арқасында маңызды жобалар кезең-кезеңімен жүзеге асып, экономиканың іргесі нығайып келеді. Бұл – тек бүгінгі жетістік емес, ертеңгі тұрақты дамудың кепілі.

Шын мәнінде, өңір экономикасының негізгі тіректің бірі – өнеркәсіп. Соңғы жылдары бұл салада өндіріс көлемі ұлғайып, инвестиция тарту қарқыны артқан. Әсіресе, өңдеуші сектордағы өсім жаңа жұмыс орындарын ашуға жол ашып отыр. Ауыл шаруашылығы да назардан тыс қалған жоқ. Керісінше, ауылдағы кәсіпкерлік белсенділігі айтарлықтай жанданып, үш жыл ішінде 8 мыңнан астам жаңа бизнес нысаны ашылған. Бұл ауыл тұрғындарының табысын арттырып қана қоймай, өңір экономикасына қосымша серпін беруде.

Мемлекеттік бағдарламалардың тиімділігі де осы тұста ай-



қын көрінеді. Мәселен, «Ауыл аманаты» жобасы аясында жүздеген азамат өз кәсібін бастап, 837 шағын несие беріліп, 1128 жаңа жұмыс орны құрылған. Ал «Жер аманаты» бағдарламасы бойынша 1,9 миллион гектар жер мемлекет меншігіне қайтарылып, экономикалық айналымға енгізілген. Бұл – ауылдың әлеуетін арттыруға бағытталған нақты қадамдар.

Дегенмен, барлық жоба мінсіз жүзеге асып жатыр деуге болмайды. Кейбір бастамаларға түзету енгізу қажеттілігі де туындаған. Облыс әкімінің орынбасары Ермек Алпысов атап өткендей, жобалардың қымбаттауы, басымдықтардың өзгеруі және инвестициялық жоспарлардың қайта қаралуы белгілі бір қиындықтар туғызған. Сондықтан, алдағы кезеңде жоспарларды нақтылап, тиімділігін арттыру – басты міндеттің бірі.

Сондай-ақ, өңірде болашаққа бағытталған ірі әлеуметтік жобалар да жүзеге асырылмақ. 2027 жылға дейін Теміртауда өнер мектебі, Қарағандыда Оқушылар сарайы және сегіз денсаулық



сақтау нысанын салу жоспарланған. Олардың қатарында позитронды-эмиссиялық компьютерлік томография орталығы, 300 орындық көпсалалы аурухана және перинаталдық орталық бар. Бұл нысандар халықтың өмір сапасын арттыруға бағытталған маңызды инфрақұрылымдық шешімдер.

Жыныда тек экономика емес, әлеуметтік мәселелер де назар-

дан тыс қалмады. Депутаттар инклюзивті ортаны дамыту, әлеуметтік қызметтердің қолжетімділігі және азаматтардың өтініштерімен жұмыс істеу мәселелерін көтерді. Бұл – мемлекеттік саясаттың басты бағыты халықтың әл-ауқатын арттыру екенін көрсетеді.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Қуаттан тапшылық болмайды

Қарағандыда жылыту маусымы іркіліссіз өтіп, енді қала энергетикасы жаңа кезеңге қадам басты. Атап айтқанда, ЖЭО-3-те ауқымды жөндеу жұмыстары басталып, қуаты 140 МВт электр және сағатына 180 Гкал жылу өндіретін жаңа энергоблоқтың құрылысы қарқын алып, қаланың болашақтағы энергия тапшылығының алдын алуға бағытталған стратегиялық жоба жүзеге асуда. Жаңа қазандық агрегаты экологиялық көрсеткіштері бойынша Қазақстанда ғана емес, ТМД кеңістігінде де озық үлгі болмақ.



Қолыңғы жанынан Алібек Рахымжанов

Салтанат ІЛИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағандыда қыс қыспағы бұл жолы тұрғындарды әбгерге салған жоқ. Жылыту маусымы тұрақты өтті. Енді басты міндет – осы тұрақтылықты сақтап қана қоймай, болашаққа қажетті қуат қорын қалыптастыру.

І сауірден бастап қаладағы жылу электр станцияларында ауқымды жөндеу жұмыстары басталды. Бұл – жыл сайынғы жоспарлы науқан болғанымен, биылғысының жөні бөлек. Се-

бебі, жөндеу жұмыстары тек ағымдағы қажеттілікті өтеу емес, энергетикалық жүйені жаңғыртуға бағытталған.

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев ЖЭО-3-ке арнайы барып, энергетиктердің еңбегіне алғыс білдірді. Сонымен қатар, жөндеу жұмыстарының жоспарын қарап, жаңа энергоблок құрылысының барысымен танысты. Оның айтуынша, бүгінгі тұрақтылық – станциялар мен «Теплотранзит» ұжымының үйлесімді жұмысының нәтижесі.

Жөндеу науқаны қазан айына

дейін жалғасады. Екі станцияда 26 негізгі жабдық жаңғыртылады. ЖЭО-3-те жұмыстар электр энергиясын өндіруді тоқтатпай жүргізіледі. Қазірдің өзінде бір қазандық пен бір турбина толық дайын.

Ал, ең ауқымды жұмыстың бірі – №4 қазандық агрегатын жаңарту. «Қарағанды Энергоцентр» ЖШС бас директоры Флор Гариповтың айтуынша, бұл төрт айға созылатын күрделі жөндеу. Оның барысында 150 тоннаға жуық металл конструкциялар ауыстырылып, қосалқы

жабдықтар толық жаңартылады. Қазандықтың алдыңғы бөлігі қайта жасалып, жаңа бу қыздырғыштар орнатылады.

ЖЭО-1-де де жоспарлы жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Яғни, өңірдің барлық негізгі энергия көздері жаңа маусымға тәйя дайындықпен кіріспек.

Дегенмен, бүгінгі жөндеу – ертеңгі үлкен өзгерістің тек бір бөлігі ғана. Қарағанды үшін стратегиялық маңызы бар басты жоба – ЖЭО-3-тегі жаңа энергоблоқтың құрылысы. Бұл жоба өңірдегі электр мен жылуға деген өсіп келе жатқан сұранысты өтеуге бағытталған.

Құрылыс жұмыстары белгіленген кестеден кешікпей жүргізіледі. Инженерлік ізденістер аяқталып, негізгі іргетастар қаланған. Бас корпус кеңейтіліп, инфрақұрылым тартылып жатыр. Қазірдің өзінде құрылыс алаңына металл құрылымдар мен қажетті жабдықтар жеткізіле бастаған.

Жобаны жүзеге асыруға Еуразиялық даму банкі қатысып, облыс әкімдігі қолдау көрсетуде. Жаңа энергоблоқты 2028 жылы пайдалануға беру жоспарланып отыр.

Ең бастысы, жоба аяқталғаннан кейін Қарағандының энергетикалық әлеуеті едәуір артады. Электр қуаты 140 мегаваттқа, ал жылу қуаты сағатына 180 гигакалорияға дейін өседі. Бұл 400-ден астам тұрғын үй мен әлеуметтік нысанды тұрақты жылумен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Су қоймасы тазартылды



Облыста балық қоры мен экожүйені қорғау бағытындағы нақты жұмыстар күшейді. Атап айтқанда, уылдырық шашу кезеңі қарсаңында су айдындары қорғау мен браконьерлік ау құралдарынан тазартылып, тек бір акцияның өзінде 40 қап қалдық жиналды.

Салтанат ІЛИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Су айдындарын уылдырық шашу кезеңіне дайындау маусымдық шара емес, экологиялық қауіпсіздік пен биологиялық тепе-теңдікті сақтаудың маңызды бөлігі. Осы бағытта Теміртау маңындағы Самарканд су қоймасында «Таза су айдындары» акциясы ұйымдастырылып, ауқымды тазалық жұмыстары жүргізілді.

Бір күннің өзінде жағалаудан 40 қап қорғасын, су түбінен иесіз қалған ау құралдары, оның ішінде браконьерлік торлар шығарылды.

Шараны Нұра-Сарысу облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясы, «Волков В.А.» жеке кәсіпкерлігі және облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы бірлесіп өткізді.

Тазалық жұмыстарына 100-ге жуық адам жұмылдырылды. Олардың қатарында мемлекеттік инспекторлар, салалық мекемелер қызметкерлері, экологтар, еріктілер, Теміртау жоғары политехникалық колледжінің студенттері мен №16 мектептің оқушылары бар.

Жұмыстарға 20-ға жуық арнайы техника мен үш қайық пайдаланылды. Мамандар тек

жағалауды тазалап қана қоймай, су айдынында тралдау жұмыстарын жүргізіп, балықтарға қауіп төндіретін жасырын торлар мен басқа да кедергілерді жойды.

Нұра-Сарысу облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясы басшысының орынбасары Бекзат Махамбетовтың айтуынша, мұндай акциялардың негізгі мақсаты – балықтардың табиғи көбеюіне қолайлы жағдай жасау.

– Уылдырық шашу кезеңінде су айдындарының тазалығы ерекше маңызды. Сондықтан мұндай жұмыстар жыл сайын жүйелі түрде өткізіледі. Сонымен қатар, «Таза Қазақстан» акциясы аясында бұл бағыттағы жұмыстар жалғасады, – деді ол.

Мемлекеттік экологиялық инспектор Сәбит Ұзақбаев табиғатқа келетін негізгі қауіп – адамдардың жауапсыздығынан екенін айтады.

– Бұл аймақ демалысқа өте қолайлы. Бірақ, өкінішке қарай, адамдардан кейін қорғасын қалады. Пластик суга түсіп, балықтардың тіршілік ортасына зиян келтіреді. Осындай акциялар арқылы біз тек табиғатты емес, өңірдің болашағын қорғап жатырмыз, – дейді ол.

Айта кету керек, «Таза су айдындары» акциясы еліміз бойынша жыл сайын 15 сәуір мен 31 мамыр аралығында өткізіледі. Бұл кезеңде су қоймаларын тазалау, браконьерлікпен күрес және экологиялық ағарту жұмыстары қатар жүргізіледі.

Ұрпақ қамы – ұлт қамы

Кез келген елдің бұқарасы мемлекетінің мейірімін сезінгісі келеді. Отанның әлеуметінің әл-ауқатын көтеруі оған қауіпсіздік пен қамқорлыққа кепілдік береді. Сол секілді жиырма миллион жұртымыздың да мемлекеттен мейір күтетіні рас. Егемендік алған 36 жылда қилы кезеңді өткерген еліміз енді еңсе тіктеген тұста «Ұлттық қордан» ұрпаққа там-тұмдап, енші бере бастағаны мәлім. «Ұлттық қордан» бөлінген бұл қаржы – ең байтақ даланың қойнауындағы қазба табиғи байлықтан балаларға бұйырған несібе. Мұндай балама бағдарламалар шетелдерде кездеседі. Бірақ, Қазақстан секілді дәл табиғи байлықтан бөліп беретіндері санаулы-ақ дейді деректер. Соңғы екі жылда жұмыс істей бастаған бағдарламадан бұйыртқанын алған қазақстандықтар да мындап саналады.

Қызғалдақ АСҚАРҚЫЗЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Ал, Қазақстанда 2024 жылдың 1 қаңтарынан бері көмектестік толмаған әрбір балаға «Ұлттық қордың» соңғы 18 жылдағы орташа инвестициялық кірісінің 50 пайызы жыл сайын есептеледі. Бұл қаражат әлеуметтік ахуалын жақсартуды көздейді. Бала 18 жасқа келгенде жинақталған қаражатты білім алуына, я тұрғын үй жағдайын жақсартуға жұмсай алады. Бүгінде «Бірінші жақсартушы зейнетақы қорының» ресми сайтында жарияланған дерек тұрғын үй жағдайын жақсарту үшін өтініш берген жастың саны ел бойынша 189 293 екенін айтады. Білім алуына инвестиция ретінде тартуға мүдделі жастың қатары 129 813 екен. Оның ішінде, «БЖЗҚ» АҚ-ның Қарағанды облысты тұрғындарынан 13267 өтініш түсіпті. Оның баспанаға бағытталғаны 6385, білім алуға жұмсауды ойлаған қарағандылықтар 4 729 екен. Сондықтан да, «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы мемлекеттің балалар болашағына құйған инвестициясы деп бағаланды.

«Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықты-



Композит жасаған Шынар Аманбекова

рады, оның ең қымбат қазынасы адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» делінген Ата Занда. Демократиялық институттар тәуелсіздік жылдарында бекіді. Қазіргі кезде саяси өзгерістерде ол жемісін бере бастады. Зайырлықты да ту еткен Қазақстан діни конфессияларда да салықалық танытып, диалог алаңына айналды. Оған қоғам, тіпті, әлем куә. Құқықтық мемлекеттің негізі де берік қаланды. Бұл күні елдің әрбір азаматы құқын толыққанды қолданады. Өзінің заң аясында мүддесін ашық қорғай алады. Әлеуметтік мемлекет тұрғысынан да мемлекеттің азаматтарына кепіл берген міндеттемелері бар. Соның қатарына қосылғаны осы – «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы.

– «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасын іске асырудың 2026 жылғы 1 сәуірдегі дерегі бойынша «БЖЗҚ» АҚ-на Қарағанды облысы тұрғындарынан 13267 өтініш түсті. Орындалғаны – 1114 өтініш. Жалпы сомасы 1 863 082,56 АҚШ доллары. Өтініш берушілердің банктік шоттарына аудару үшін уәкілетті операторларға жіберілді. Оның ішінде, тұрғын

«Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасын іске асырудың 2026 жылғы 1 сәуірдегі дерегі бойынша «БЖЗҚ» АҚ-на Қарағанды облысы тұрғындарынан 13267 өтініш түсті. Орындалғаны – 1114 өтініш. Жалпы сомасы 1 863 082,56 АҚШ доллары. Өтініш берушілердің банктік шоттарына аудару үшін уәкілетті операторларға жіберілді. Оның ішінде, тұрғын үй жағдайларын жақсарту мақсатында 109 2630, 87 АҚШ долларына 6385 өтініш қанағаттандырылды.

үй жағдайларын жақсарту мақсатында 109 2630, 87 АҚШ долларына 6385 өтініш қанағаттандырылды. Білім беру ақысын төлеу үшін 770 451,69 АҚШ доллары көлеміндегі 4729 өтініш мақұлданды. «БЖЗҚ» АҚ-ға сомасы 240 881, 83 АҚШ долларына тең 1680 өтініш қайтарылды, – дейді «БЖЗҚ» АҚ-ның Қарағанды облыстық филиалы директорының орынбасары Мадина Сапарова.

Әуел баста бұл «Ұлттық қордың» болашақта іргетастың бекемденуі үшін ашылғаны белгілі. Нақтыласақ, елдің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету, болашақ ұрпақтар үшін қаржы жинақтау, экономиканың қолайсыз сыртқы факторлар ықпалы-

на тәуелділігін азайту мақсатын білдіреді. «Ұлттық қор» мемлекеттің қорын қалыптастыру, сонымен бірге, әлемдік бағалардың жағдайына республикалық және жергілікті бюджеттердің тәуелділігін төмендетуді көздейді. Ол мемлекеттің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз етуге, экономиканың мұнай секторына тәуелділігін және қолайсыз сыртқы факторлардың ықпалын азайтуға арналды. Пандемия кезінде де, экономикалық дағдарыста да тығырықтан шығу үшін осы «Ұлттық қор» қаржы-қаражат бөлгені аян.

E.gov порталының дерегіне жүгінсек, доллармен төлемдерді 18 жасқа толмаған барлық қазақстандықтар алады.

Қарыздан құтыл да, жұмыс тап!

Былтыр облыс әкімдігі мен «AMANAT» партиясы өзара меморандумға қол қойып, «Қарызсыз қоғам» жобасы аясында «Қайта бастау» бастамасын пилоттық режимде іске қосқан еді. Бүгінде бұл бағдарлама сынақ кезеңінен өтіп, облыстық жұмыспен қамту үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы аясында кең ауқымда жүзеге асырылып келеді. Жалпы, өңір бойынша «Қарызсыз қоғам» жобасы шеңберінде 66 мыңға жуық азаматтың мәселесі қаралған. Оның ішінде, 56 мыңнан астам адам арнайы платформа арқылы тіркеліп, бейнесабақтар арқылы қаржылық сауатын арттырыпты. Ал, «Қайта бастау» жобасының аясында 1025 өңір тұрғыны қарыз жүктемесінен арылып, тұрақты жұмыспен қамтылған.

Айта кетейік, бұл жоба әзірге еліміз бойынша тек Қарағанды өңірінде ғана жүзеге асырылып отыр. Алдағы уақытта оның тиімді тәжірибесін өзге өңірлерге де кезең-кезеңімен енгізу жоспарлануда.

Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

«Қарызсыз қоғам» жобасы – қаржылық қиындыққа тап болып, қарыз жүктемесі шамадан тыс артқан азаматтарға қолдау көрсетеді. Жоба шеңберінде олар қарызынан құтылып, өзін ресми түрде «банкрот» деп жариялай алады. Жалпы, банкроттық рәсім екі бағытта жүзеге асырылады. Біріншісі, соттан тыс болса, екіншісі сот арқылы жүргізілетін банкроттық. Егер бұл екеуіне жатпайтын болсаңыз, жаңадан «Төлем кестесін қайта құра» аласыз.

Бүгінде өңірде «Банкрот» деп танылған азаматтар бар. Алайда, мұндай жағдайдан кейін олардың кейбірі жұмыссыз қалып, әлеуметтік тұрғыдан қиындыққа тап келуі мүмкін.



Композит жасаған Шынар Аманбекова

Осыған байланысты мәселені кешенді шешу мақсатында «Қайта бастау» жобасы қолға алынған.

– Бізге әртүрлі жағдайдағы азаматтар жүгінеді. Бірі банкроттыққа өтініш беріп, мойнындағы қарыздан оңай құтылғысы келеді. Енді бірі қаржылық мүмкіндігін дұрыс есептемей, қарыз жүктемесін шамадан тыс көбейтіп алған. Жалпы, «банкроттыққа тапсырамын» деген азаматтардың несиесі тарихын ең алдымен өзіміз тексереміз. Сол арқылы олардың банкроттық рәсіміне сәйкес келетін-келмейтінін анықтаймыз. Қазіргі таңда өтініш берушілердің басым бөлігінде несиелер саны үш банктен көп. Әрі олардың көпшілігі бір мезгілде рәсімделген. Егер сізде де дәл осындай жағдай болса, онда банкроттық рәсіміне сәйкес келмейсіз. Себебі, іс сотқа өткен жағдайда сот алынған несиенің жұмсалып мақсатын міндетті түрде сұратады. Ал, сіз ол жерде сіз дәлелдей алмайсыз. Сондықтан, азаматтардың уақытын жоғалтпау үшін құжаттарды сотқа жібермес бұрын алдын ала жан-жақты тексеру жүргізіледі, – деді «Қарызсыз қоғам» жобасының республикалық супервайзері Асхат Мейрманов.

«Қайта бастау» жобасы деген не? Бұл – банкроттық рәсімінен өтіп, оң шешім алған азаматтарды әлеуметтік тұрғыдан қолдауға бағытталған кешенді бастама. Бүгінде банкроттықтан өткен азаматтардың бір бөлігі

жұмыссыз қалғаны жасырын емес. Осыған байланысты олардың мәселесін түбегейлі шешу мақсатында облыстық жұмыспен қамту үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы жұмыспен қамтуға басымдық береді. Қажет жағдайда жоба қатысушылары қысқамерзімді оқыту курстарына жіберіліп, жаңа мамандық игеруіне мүмкіндік жасалады.

– Былтыр бізге 1994 жылы туған, отбасылы, Бұқар жырау ауданынан бір азамат жүгінді. Мойнында 1,5 миллион теңге берешегі бар. Тұрақты жұмысы жоқ. Несиесі ұзақ уақыт бойы төленбеген. Оның жағдайын жан-жақты қарап, тиісті құжаттарын рәсімдеп, банкроттыққа өтініш бердік. Нәтижесінде, жарты жылдың ішінде ресми түрде банкрот деп танылды. Одан кейін облыстық басқарма мамандары азаматты Теміртау қаласындағы зауытқа жұмысқа орналастырды. Қазір тұрақты табысы бар. Тапқанын өзіне жаратады.

Жалпы, «Қайта бастау» жобасы аясында мәселесін шешкендердің басым бөлігі – Қарағанды қаласының тұрғындары. Одан кейінгі орында Теміртау мен Балқаш қалалары тұр. Дегенмен, кейбір азаматтар қарызын өтеудің жолын іздеудің орнына, бірден банкроттыққа жүгініп, несиеден құтылғысы келеді. Сөйтіп, олар бізге келеді. Ал, біз ешкімді кері қайтара алмаймыз. Қабылдауға міндеттіміз.

Алдын ала банкроттық рәсіміне сәйкес келмейтінін ескертсек те, кейбірі құжат тапсырып, уақытын жоғалтады. Сонында бір кінәлі болып қаламыз, – деді Асхат Мейрманов.

Асхат Әлиасқарұлының айтуынша, осыдан жарты жыл бұрын 1987 жылы туған қарағандылық азамат жүгініпті. Мойнында 5 миллион 9 мың теңге көлемінде берешек болған. 5 миллион дегеніңіз осы жоба аясында көмек сұрап келгендердің ішіндегі ең ірі қарыз сомаларының бірі көрінеді. Соған қарамастан, мәселе онынан шешіліп келеді.

– Қазіргі уақытта сол азаматтың ісімен айналысып жатырмын. Жарты жыл бұрын құжаттарын тапсырған еді. Жакында ғана ресми түрде «Банкрот» деп танылды. Енді бұл азаматтың облыстық басқармаға жолдадық. Жалпы, басқарма мамандары бір ғана жұмыс ұсынумен шектелмейді. Әдетте бірнеше нұсқа ұсынып, азаматтың өзіне қолайлысын таңдауына мүмкіндік береді. Алдағы бір-екі айдың ішінде оны тұрақты жұмыспен қамту жоспарланып отыр. Кейбір азаматтар «Біздің де қарызымыз ірі» деп шағымданап отыр. Осы тұста айта кетейін. «Банкрот» деп танылу үшін азаматтың атында жылжымайтын мүлкі, ресми жұмысы болмауы қажет. Алайда, бізге жүгінетіндердің арасында несиесі де, атына тіркелген баспанасы да бар жандар көп. Егер ипотекалық несиеніз болса, төлем



Президент тапсырмасын орындай отырып...

кестесін қайта құрылымдауға мүмкіндігіңіз бар. Бірақ, олар банкроттық рәсіміне қатыса алмайды. Себебі, сотқа жүтінген жағдайда, мүлкін сатылымға шығарып жіберуі әбден мүмкін, – деді Асхат Әлиасқарұлы.

Быылдан бастап «Қарызсыз қоғам» жобасы аясында тағы бір маңызды бастама қолға алынбақ. Бұл жолы бағдарлама зейнеткерлерге бағытталып отыр.

– Өңірде кешіктірілген несиесіне байланысты зейнетақысынан ұсталып жатқан, қара тізімге енген зейнеткерлер де бар. Жеке сот орындаушылары олардың зейнетақысының 50 пайызын өндіріп алған жағдайлар да аз емес. Соның салдарынан кейбір азаматтар зейнетақысын толық қолына ала алмай жүр. Быылдан бастап Eotinish жүйесі арқылы Әділет министрлігіне хат жолдап, зейнеткерлер зейнетақысын толық қолға алатындай әрекет етіп жатырмыз. Әрі ұстап қалған 50%-ын да толық кестіріп қайтартамыз. Егер ол болмаса, ұстап отырған ақшасын 25%-ға қысқартуды сұрап отырмыз. Бүгінде облыс көлемінде осындай санаттағы екі зейнеткердің мәселесі толық шешілген. Дегенмен, аталған бастама әзірге тек ұсыныс деңгейінде қаралып, талқылау сатысында тұр, – деді «Қарызсыз қоғам» жобасының республикалық супервайзері Асхат Мейрманов.

«Қарызсыз қоғам» жобасына қоңырау шалып, әлеуметтік желілер арқылы көмек сұрайтын азаматтардың қатары күн санап артып келеді. Алайда, «Барлығына бірдей жедел жауап беру мүмкін емес» дейді Асхат Әлиасқарұлы. Бұның басты себебі, жобада жұмыс істейтін заңгерлердің жоқтығы. Банкроттық рәсімін толық аяқтау үшін бір азаматпен кемінде жарты жыл жұмыс істеуге тура келеді. Ал, қосымша заңгерлер тарту қаржылық тұрғыдан тиімсіз болып тұр. Қазіргі таңда Қарағанды облысы бойынша жобада бір ғана заңгер қызмет атқарады екен. «Өтініш жазып, жауап ала алмай отырмыз» деген қарағандылықтардың назына осылай деп жауап қатты маман.



«ҰЛТТЫҚ ҚОР – БАЛАЛАРҒА»

Бала Қазақстан азаматы болып тумаса да, кейінірек азаматтығын алса да, оған «Ұлттық қордан» ақша төленеді. Алайда, Қазақстаннан басқа мемлекетке тұрақты тұруға кеткендер «Ұлттық қордың» қаражатын пайдалану құқығынан айырылады.

Егер 10 жыл ішінде ешкім ақша іздемесе, олар ерікті зейнетақы жарналарын есепке алу үшін жеке зейнетақы шотына аударылады. Оларды ҚР заңнамасына сәйкес алуға болады.

Ұлттық байлықтан халыққа төлемінің ең жақын аналогы Норвегияда, Аляскада, Ұлыбританияда.

Мәселен, Норвегияның «Norwegian Government Pension Fund Global» қоры бұл – әлемдегі ең ірі ұлттық қор. Ол мұнайдан жиналған. Оның Қазақстаннан айырмашылығы – ақша тікелей балаларға берілмейтіндігінде. Ол бюджетке кетеді, яғни, білім, медицина, инфрақұрылымға. Ал, Қазақстан осы модельге сүйеніп, ақшаны тікелей балаларға бөлу идеясын енгізді.

Алясканың «Alaska Permanent Fund» қоры да – ең ұқсас бағдарламаның бірі. Мұнда мұнай табысынан жыл сайын әр тұрғынға, балаларға да дивиденд бірден беріледі және мақсаты емес, қалағанынша жұмсайды. Қазақстандағыдай 18 жасқа дейін жинақталмайды.

Балаларға арналған жинақ бағдарламалары арасында Ұлыбританияның «Child Trust Fund» бағдарламасында ұқсасстық бар. Бұл арада Үкімет әр балаға есепшот ашады да, бала 18 жасқа келгенде ақша алады. Дегенмен, мұнда тек ұлттық байлықтан емес, ата-ананың да ақша сала алатын артықшылығы бар. Не десек те, зерттеушілер ашық дереккөзде Қазақстандағыдай «Әр балаға ұлттық байлықтан жеке жинақ» жүйесі әлемде өте сирек және инновациялық бағдарлама ретінде бағалайтынын атап өту қажет.

ЦИФРАНДЫРУ ЖӘНЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖЫЛЫ 2026

Жасанды интеллект мектебі ашылды

Елімізде жасанды интеллектті дамытуға бағытталған ірі бастама аясында Қарағандыда Tomogow School инновациялық мектебі іске қосылды.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ел көлемінде бірқатар білім беру бастамаларына ресми түрде старт берді. Телеспот форматында 14 өңірде Астананың тәжірибесіне сүйене отырып, Tomogow School жасанды интеллект мектепіннің желісі іске қосылды. Қарағандыдағы жаңа оқу алаңы Әбілқас Сағинов атындағы Қарағанды техникалық университеті базасында ашылып, облыс әкімдігі мен жоғары оқу орнының бірлескен жобасы ретінде жүзеге асырылды.

Жаңа мектепте оқу тегін және көмелет жасына толған барлық азаматтар үшін қолжетімді. Әсіресе, IT саласына енді қадам басқан жандарға зор мүмкіндік қарастырылған. Оқу үдерісі peer-to-peer қағидатына негізделген инновациялық әдіспен ұйымдастырылған. Мектептің сыйымдылығы 50 орынға есептелген.

Үміткерлер алдын ала іріктеуден өтеді. Алғашқы кезеңде «бассейн» деп аталатын қарқынды кіріспе оқу курсы ұйымдастырылады. Tomogow School-дың басты ерекшелігі – дәстүрлі оқыту моделінен бас тарту. Мұнда оқытушылар мен классикалық сабақтар қарастырылмаған: студенттер бір-бірінен үйреніп, тәжірибе алмасу арқылы білім алады. Бұл тәсіл олардың командалық жұмыс дағдыларын дамытып, дербес ойлау қабілетін қалыптастырады.

Осакаровта оң өзгерістер бар

Осакаров ауданының әкімі Руслан Нұрмұханбетов ауданның былтырғы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары мен биылғы жылға арналған жоспарларын баяндады.



Болатбек ӘШМУЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Руслан Есенбекұлының айтуынша, 2025 жылы аудан алдында тұрған негізгі міндеттер толық орындалған. Жыл қорытындысында экономиканың өсімі 14%-ды құрап, жалпы көлемі 203,5 млрд теңгеге жетті (2024 жылы – 177 млрд теңге). Өсімге өнеркәсіп өндірісінің 18,5%-ға, бөлшек сауданың 13,7%-ға, ауыл шаруашылығы өнімінің 11,4%-ға және құрылыс көлемінің 19,4%-ға артуы ықпал еткен. Бюджеттің кіріс бөлігі 3 млрд 870 млн теңгеге орындалып, жоспар 109,5%-ға артығымен жүзеге асқан екен.

Инфрақұрылымды дамыту бағытында бірқатар жұмыстар атқарылған. Шұңқырқөл, Колхозное, Садовое және Трудовое ауылдарында су құбыры желілерінің құрылысы аяқталды. Сарыөзек дәрігерлік амбулаториясы мен Шұңқырқөл, Жұлдыз, Ошағанды, Ақпан ауылдарындағы медициналық пункттер пайдалануға берілді. Озерный ауылындағы мектеп күрделі жөндеуден өтті, ал Есіл ауылындағы мектепте жөндеу жұмыстары басталды. Сонымен қатар, 6 білім беру және 5 мәдениет нысанына ағымдағы жөндеу жүргізіліп, 7 елдімекенде балалар алаңдары орнатылды.

Жол инфрақұрылымын жақсарту мақсатында 774 млн теңгеден астам қаражатқа 100 шақырым жол жөндеді. Оның ішінде 9,5 шақырым кентішілік жол орташа жөндеуден өтіп, аудандық маңызы бар 90,5 шақырым жолға ағымдағы жөндеу жүргізілді.

Айта кету керек, ауданда жұмыссыздық деңгейі 2,9%-дан 2,2%-ға дейін азайған.

Өнеркәсіп саласында аудан-

да «Қ.Сәтбаев атындағы каналдың» филиалы, «Kazakhstan Coal» көмір разрезі және «Saryoran Operating» кәсіпорындары жұмыс істейді. 2025 жылы өнеркәсіп өнімінің көлемі 82,5 млрд теңгеге артып, жоспар 110,3%-ға орындалды. 2026 жылы бұл көрсеткішті 98 млрд теңгеге дейін жеткізу, көмір өндіру көлемін 8 млн тоннаға артыру жоспарланған. Өңдеу өнеркәсібінде де өсім күтіліп, көлемі 15,3 млрд теңгеге жетпек.

Инвестиция тарту – негізгі бағыттардың бірі. 2025 жылы негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 71 млрд теңгеге құрап, 159,8%-ға орындалды. Бұл өсімге «Гиперборей» ЖШС-нің Осакаровка кентінде жел электр станциясын салуы және ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының үлесі әсер етті. 2026 жылы инвестиция көлемін 97,4 млрд теңгеге жеткізу жоспарланған.

Алдағы кезеңде жалпы құны 301 млрд теңгеге құрайтын үш ірі инвестициялық жоба жүзеге асырылады. Олардың қатарында қуаты 150 МВт жел электр станциясының құрылысы (50 млрд теңге, 21 жел қондырғысы), жылына 45 млн дана кірпіш өндіретін зауыт (1,2 млрд теңге) және қуаты 500 МВт жел паркі (250 млрд теңге) бар. Сонымен қатар, 6 мың басқа арналған сүт-тауар фермасы мен 5 мың гектар суармалы жерді игеру жобалары іске асырылуда.

Шағын және орта бизнес саласында 2146 субъект жұмыс істейді, онда 4682 адам еңбек етеді. Өткен жылы 11 жаңа нысан ашылып, 19 жұмыс орны құрылды. Мемлекеттік қолдау шаралары аясында кәсіпкерлерге несиелер мен гранттар беріліп, оның ішінде 7 жас кәсіпкерге 12 млн теңге грант табысталды.

Ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 2025 жылы 84 млрд теңгеге құрады. 2026 жылы бұл көрсеткішті 99,6 млрд теңгеге дейін жеткізу көзделген. Мал шаруашылығында ет өндірісі 4,5 мың тоннаға жетіп, жұмыртқа өндірісі 3,7 млн данаға өсті. Мал басы да барлық бағыт бойынша көбейген. Егін шаруашылығында 440,7 мың гектарға егіс салынып, 390,3 мың тонна астық жиналды. Биыл егіс алқабын 452 мың гектарға дейін ұлғайту жоспарланып отыр.

Агроөнеркәсіптік кешенге 27,3 млрд теңге инвестиция тартылып, 132 бірлік ауыл шаруашылығы техникасы сатып алынған. Инвестициялық жобалар аясында көкөніс қоймалары, заманауи элеватор және суармалы жерлерді игеру жобалары жүзеге асырылды.

Жер қатынастары саласында 2169 гектар жер ауыл шаруашылығы айналымына енгізіліп, «Жайлау» жобасы арқылы бірқатар ауылдардағы жайылым тапшылығы шешілген. Арнайы жер қорына 2157 гектар жайылым қайтарылды.

Ал құрылыс саласында жұмыстар көлемі 20,9 млрд теңгеге жетті. Тұрғын үй құрылысы қарқын алып, 2025 жылы 5714 шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Ауданда тұрғын үй кезегінде 1094 адам тұр. Мәселені шешу үшін көпқабатты үйлер салу және сатып алу жұмыстары жалғасуда.

Аудан бойынша 52 елдімекеннің барлығы да ауызсумен қамтылған. 2025 жылы төрт ауылда су құбыры салынып, шағын ауылдарда су тазарту модульдері орнатылды. Алдағы уақытта тағы үш ауылда су желілерін салу жоспарланған.



Жылу беру маусымына дайындық шеңберінде 72 автономды жүйе мен 5 қазандық әзірленді. Молодежный кентінде қуаты 24,5 МВт жаңа қазандық іске қосылды. Жылу желілерін жөндеуге және жабдықтарды жаңартуға 73,5 млн теңге жұмсалды.

Аудан жолдарының жалпы ұзындығы 1437 шақырымды құрайды. 2025 жылы бірқатар жолдарға жөндеу жүргізіліп, жол қауіпсіздігі шараларына 13,5 млн теңге бөлінді.

Жұмыспен қамту бағытында 650 адам жұмысқа орналастырылды. 2026 жылы 823 адамды жұмыспен қамту жоспарланған.

Білім беру саласында 40 нысан жұмыс істейді, бірқатар мектептерде күрделі және ағымдағы жөндеу жүргізілді, материалдық база жаңартылды.

Денсаулық сақтау жүйесінде 39 нысан қызмет көрсетеді. Өткен жылы 5 медициналық нысан салынып, жаңа жабдықтар сатып алынды. Дегенмен, медицина кадрларының тапшылығы әлі де өзекті.

Мәдениет саласында 58 нысан жұмыс істейді. 2025 жылы мәдениет үйлеріне жөндеу жүргізіліп, материалдық-техникалық база нығайтылды. Спорт саласына келсек, жалпы саны 12 мыңға жуық адам дене шынықтырумен айналысады, бұл аудан халқының 40,8%-ын құрайды. Жыл ішінде аудан көлемінде 112 спорттық іс-шара өткізілді.

Жастар саясаты бағытында 7784 жас қамтылған. «Жасыл ел» бағдарламасы арқылы 180 адам жұмыспен қамтылып, жастарға арналған гранттар мен «Жас Сұңқар» сыйлығы табысталды. Сонымен қатар, NEET санатындағы жастармен жүйелі жұмыс жүргізілуде.

Руслан Нұрмұханбетов журналистердің ауданның өзекті мәселелері – жол, тұрғын үй, инфрақұрылым, жұмыс орындары, инвестиция тарту және әлеуметтік нысандарды дамытуға қатысты сұрақтарына қатысты әрі мазмұнды жауап берді. Әкімнің атап айтқандай, барлық бастамалар аудан халқының тұрмыс сапасын арттыруға бағытталған.

Жалпы, Осакаров ауданы бүгінгі күні тұрақты даму жолына түскен өңірлердің бірі. Жаңадан салынып жатқан нысандар, іске асырылып жатқан жобалар мен қолға алынған бастамалар – ауданның күнделікті тыныс-тіршілігінің айқын көрінісі. Халықтың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған жүйелі жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын тауып, өңірдің дамуына жаңа серпін берді деген сенімдемеміз.

Осакаров ауданы

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• КОНФЕРЕНЦИЯ

Адам капиталы және техникалық білім

Қарағанды индустриялық университетінде «Адам капиталын, техникалық білім беруді, инженерлік ғылым мен инновацияларды дамыту – мемлекет қызметінің стратегиялық бағыты» атты LVI Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясы өтті. Шара Қазақстан Республикасы Ұлттық инженерлік академиясының 35 жылдығына орайластырылып, ғалымдарды, оқытушыларды, мемлекеттік орган мен бизнес өкілдерін, сондай-ақ, халықаралық ғылыми қоғамдастықтың басын қосты.



Конференция Қазақстан Республикасы Ұлттық инженерлік академиясының қолдауымен өтіп, алғашқы сәттен бастап инженерлік ғылымды, білімді және адам капиталын дамыту мәселелерін талқылауға салмақты әрі іскерлік бағыт берді.

Қатысушыларға Түркі әлемі математикалық қоғамының және Қазақстан Республикасы Математикалық қоғамының президенті, Қазақстан Республикасы Ұлттық инженерлік академиясының президенті, академик, Қарағанды индустриялық университетінің құрметті профессоры Бақытжан Жұмағұлов құттықтау сөз жолдады. Өз үндеуінде ол инженерлік кадрларды даярлау ел экономикасын жаңғыртудың негізгі шарттарының бірі болып қала беретінін атап өтті.

Пленарлық мәжіліске құрметті қонақтар, соның ішінде химия ғылымдарының докторы, академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті химия факультетінің деканы Марат Ибраев, сондай-ақ, техника ғылымдарының докторы, профессор Қабидолла Саркенов қатысты. Қатысушылар астандық және шетелдік сарапшылардың заманауи инженерлік шешімдерге, жаңа білім беру тәсілдеріне және инновациялық технологияларға арналған баяндамаларын тыңдады.

Маңызды оқиғалардың бірі ретінде ынтымақтастық туралы екі меморандумға қол қойылды. Біріншісі – Қарағанды индустриялық университеті мен Constructor University арасындағы келісім, ол академиялық алмасу мен бірлескен ғылыми жобаларға жол ашады. Екіншісі – «Таза Қазақстан» жобасы аясында университет облыстық экология департаменті және «Гордорсервис-Т» ЖШС арасында жасалды. Бұл келісім экологиялық мәселелерді шешуге және «жасыл» технологияларды енгізуге бағытталған.

Марапаттау рәсімі конференцияның маңызды бөлігіне айналды. Ғылым мен білімнің дамуына қосқан үлесі үшін университеттің ғалымдары, оқытушылары мен қызметкерлері ерекше аталып өтті. Қазақстан Республикасы Ұлттық

инженерлік академиясының мүше-корреспонденттері дипломдары, сондай-ақ, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің, Теміртау қаласы әкімдігінің марапаттары және «Ғылым үздігі» құрмет дипломына табыс етілді.

Сондай-ақ, іс-шара аясында жаңа білім беру және ғылыми кеңістіктер ашылды. Олардың қатарында символикалық түрде алғашқы «дубльмен» іске қосылған «Intellect Media Hub» бейнежазу студиясы бар. Ол студенттердің цифрлық дағдыларын дамытуға және білім беру мазмұнын жасауға көмектеседі. Сонымен қатар, студенттердің практикалық дайындығын нығайтуға және қолданбалы зерттеулер жүргізуге арналған «Тамақ өнімдерінің технологиясы» және жылу-масса алмасу қондырғылары зертханасы атты екі заманауи зертхана ашылды.

Конференция жұмысы секциялық мәжілістерде жалғасып, онда нанотехнологиялар мен цифрландырудан бастап экология мен тұрақты дамуға дейінгі кең ауқымды тақырыптар бойынша 200-ден астам баяндама ұсынылды. Талқылауларға Қазақстанның ғалымдары, оқытушылары, докторанттары, магистранттары мен студенттері, сондай-ақ, Германия, Оңтүстік Корея, Ресей және Беларусь университеттерінің өкілдері қатысты. Сонымен қатар, университеттің ғылыми жетістіктері мен жобаларының көрмесі жұмыс істеп, қатысушылардың үлкен қызығушылығын тудырды.

Қазақстан Республикасы Ұлттық инженерлік академиясының Қарағанды филиалының ролі ерекше атап өтілді. Қарағанды филиал ғылыми бастамаларды қолдап, ғалымдар мен практиктердің басын біріктіреді және аймақ өнеркәсібімен тығыз байланыста қолданбалы зерттеулердің дамуына ықпал етеді.

Гүлдана ДАНБЕКОВА,
Қазақстан Республикасы
Ұлттық инженерлік академиясы
Қарағанды филиалының
ғылыми хатшысы, PhD

Сурет Қарағанды
индустриялық университетінен

Ұлт денсаулығының қалқаны

Вакцинация – аурудың алдын алу ғана емес, ана мен бала денсаулығын сақтаудың, эпидемиологиялық қауіпсіздіктің, қоғамның орнықты дамуының берік негізі. Осыған орай, өңірде Еуропалық имундау апталығы өтуде. Халықтың екіп жөніндегі таным-түсінігін кеңейту, вакцинация туралы жалған ақпаратты азайту бағытындағы жұмыстар жүзілі.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН, «Ortalyq Qazaqstan»

Биыл Еуропалық имундау апталығы 19-25 сәуір аралығында өтті. Бұл бастаманың басты мақсаты – тұрғындардың имундау туралы хабардарлығын арттыру,

вакцинацияның маңызын кеңінен түсіндіру және әрбір баланың вакцинамен алдын алуға болатын аурулардан қорғалуға құқығы бар екенін қоғам санасына орнықтыру.

Еуропалық имундау апталығы аясындағы ақпараттық-түсіндіру жұмыстары халықты екіпке қатысты мәліметпен қамтаудың, вакцинациямен құлтыру кеңейтуге және жалған ақпараттың ықпалын төмендетуге бағытталған. Бұл ретте вакцина-профилактикаға оң көзқарас қалыптастыру, әсіресе, ата-аналар мен медицина қызметкерлері арасындағы сенімді нығайту маңызды, – деді облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Гүлжан Байғұтанова.

Елімізде профилактикалық екіптер толығымен мемлекет қолдауында. Бүгінде халықты

вакцинациялау 21 жұқпалы ауруға қарсы егуді қамтитын Ұлттық күнтізбеге сәйкес тегін. Оның ішінде 19-ы жергілікті бюджет есебінен, қалған екеуі республикалық бюджеттен қаржыландырылады. Жыл сайын республика бойынша инфекциялық ауруларға қарсы 5 миллионға жуық адам егіледі, соның ішінде, 1,3 миллионға жуығы – балалар.

Ұлттық күнтізбеге Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының ұсыныстарына сәйкес келеді.

Ұлттық имундау саясатының нәтижесінде республикада бірқатар инфекциялар бойынша ауру-сырқат айтарлықтай төмендеді. Атап айтқанда, эпидемиялық паротит ауруы 100 есеге азайып, 1990 жылы 12 194 жағдайдан 2025 жылы 130 жағдайға дейін төмендеген. «А» вирустық гепатиті бойынша көрсеткіш 1990

жылғы 73 962 жағдайдан 2025 жылы 923 жағдайға дейін, яғни, шамамен 100 есеге кеміген. Ал, «В» вирустық гепатитімен сырқаттанушылық 1990 жылғы 5 287 жағдайдан 2025 жылы 56 жағдайға дейін, яғни, 106 есеге қысқарған. Бұл деректер вакцинацияның нақты нәтижесін айқын көрсетеді, – деді облыстық денсаулық сақтау басқармасының қоғамдық денсаулық сақтау қызметі бөлімінің бас маманы Рамиз Мехтиев.

Сондай-ақ, елде сіреспе ауруы бойынша жекелеген жағдайлар ғана тіркеліп отыр. 1990 жылғы 13 жағдайдан өткен жылы 3 жағдайға дейін азайған. Қызамық бойынша да сырқаттанушылық күрт төмендеп, 24 396 жағдайдан 1 жағдайға дейін қысқарған. 1996 жылдан бастап полиомиелит, ал, 2009 жылдан бастап дифтерия жағдайларының тіркелмеуі де – имун-

даудың тиімділігін дәлелдейтін маңызды жетістік.

Аймақтағы ахуал да осы үрдістің нақты көрінісі. Өңірде жүргізіліп жатқан вакцинацияның арқасында сіреспе ауруының соңғы жағдайы 2019 жылы тіркелсе, дифтерия 2000 жылдан бері, қызамық 2006 жылдан бері тіркелмеген. Соңғы жылдары 14 жасқа дейінгі балалар арасында «В» вирустық гепатитімен сырқаттың болмауы да жаңа туған нәрестелер мен өмірдің алғашқы жылындағы балаларды жоспарлы имундаудың нәтижесі ретінде бағаланары код.

Дегенмен, мамандар ахуалдың толық тұрақтанғанын айтуға әлі ерте екенін ескертеді. COVID-19 пандемиясы кезеңінде вакцинациямен қамту деңгейінің төмендеуі ұжымдық иммунитетке әсер етіп, соның салдарынан соңғы жылда-



ры қызылша мен көкжөтел қайта өршіді. 17 сәуірдегі дерек бойынша Қарағанды облысында қызылшаның зертханалық расталған 364 жағдайы және көкжөтелдің 3 жағдайы тіркелген. Ауруға шалдыққандардың 80-85 пайызы вакцинация алмаған адамдар.

Осыған байланысты қызылша бойынша қалыптасқан жағдайды ескере отырып, балаларды толықтыра имундау шаралары жүргізілуде. Қазіргі уақытқа дейін осы науқан аясында 5 мыңға жуық бала егілген.

• ЕР ЕСІМІ – ЕЛ ЕСІНДЕ



«Орталықтың» данқ галереясы



Нұркен ӘБДІРОВ

267 әуе дивизиясы 808 шабуылшылар полкінің әскери ұшқышы, Совет Одағының Батыры атағы 1943 жылы қаза болғаннан кейін берілген.

Нұркен Әбдіров 1919 жылы Қарқаралы өңірінде қазіргі Нұркен атындағы совхоз аймағында шаруаның отбасында дүниеге келген. Кейінде ата-анасымен бірге Қарағандыға қоныс аударып, осы қалада әуе клубында ұшқыш мамандығын алған. Соғыс басталғанда Нұркен Орынбор әуе училищесінде оқитын. Ол Отан қорғауға құштар болды, Ташкенттегі, одан кейін Сібір қалаларының біріндегі шабуылшы әскери ұшқыш дайындайтын курстарды бітірді.

Оқуды тәмамдағаннан кейін ол 267 әуе дивизиясының 808 шабуылшы полкі құрамында майданға аттанды. Нұркен Әбдіров талай әуе шайқасына қатысып, ерлік пен шеберлік таныта білді, әр тапсырманы мұқият орындап отырды.

Қазанның 23 күні тұңғыш рет әуе шайқасына аттанар алдында Нұркен былай деп жазған екен: «...Егер біз фашистерді құртпасақ, олар біздің түбімізге жетеді. Сөйтіп қуанышты, бақытты өмірмен қоштасамыз...»

Барлығы 17 рет әуе шайқасына қатысқан Нұркен жаудың 18 танкіні, 46 жүк машинасы мен көлігін, оның ішінде, оқ-дәрі тасыған 18 керуенді, жанармай құйған 3 цистернаны талқандап, зенит қондырғыларының бесеуін, бірнеше жабық атыс ұясын, талай жау әскерін құртты.

1942 жылғы желтоқсанның 19-ында



біздің батыр жерлесіміз өзінің серігі атқыш әрі байланысшы Саша Комиссаров екеуі соғыс аспанына соңғы рет самғап шыққан еді. Жаудың тасқұрған Боков-Пономорев станциясы манайында үлкен алты танк, бірнеше атыс ұясын, зенит артиллериясының екі қондырғысын жойып жіберді.

Жау оғы самолетке дәп тиіп, өртен бастады. «Өзекті жаңға бір өлім» деген ой шарпып өткен ұшқыш, отқа оранған күміс қанат сұңқарды фашист танктері шоғырланған бетке қарай бұрды. Осылайша құділай құлаған самолет ішіндегі Нұркен мен оның қандыкөйлек серігі Александр Комиссаров екеуі ақтық рет қанша жауды қырып, жастығын бірге ала кетті. Осынау теңдесі жоқ ерлігі үшін Нұркен Әбдіровке 1943 жылғы наурыздың 31-інде еліміздегі ең мәртебелі атақ – Совет Одағының Батыры атағы берілген еді.

Иван Самсонович ГАВРИЛОВ

Кіші сержант, №163 Ромен атқыштар дивизиясы 1318 атқыштар полкідегі 3-атқыштар батальоны атқыштар бөлімшесінің командирі, 1943 жылы Совет Одағының Батыры атағын алған.

Иван Самсонович Гаврилов 1913 жылы Макеев поселкесінде (қазір қала) дүниеге келген. Оның әкесі шахтер еді. Сол жерде кен өнеркәсібі училищесін тәмамдаған Иван Гаврилов Донбасс шахталарында жұмыс істейді. Қызыл Армия қатарындағы борышын өтеп қайтқаннан кейін де кенші болды. Учаске бастығына дейін өтті, комму-

нистік партия қатарына өтті.

Жас кенші өмір қиындығына өзін салып көрмек болды. Шпицберген аралында 1940 жылы көмір қазды, одан кейін Қарағандыға келіп №12 шахтада істейді, 1943 жылғы наурызда осы арадан майданға аттанды.

Әскери бөлімшеге келген бойда кіші сержант Гаврилов атқыштар бөлімшесінің командирі ретінде ұрыс даласынан бірақ шықты. Өз тобын ілестіріп, Днепрдің оң қабағына ұрыспен өтті. Ол жаудың атқыштарын және әуеден шүйілген самолеттерін алаңдатып, ұрыстас жолдастарының аман

қалуына себеп болды.

Енді бір жолы Днепрдің сол жағалауындағы тоқымдай ғана жер үшін топты жауға қарсы бес тәулік бойы жанқиярлықпен соғысқан Иван Самсоновичтің ерлігі ертегіге пара-пар еді. Осы жанқиярлығы үшін 1943 жылғы қазанның 29-ында СССР Жоғарғы Советі Президиумының ұақымен оған Совет Одағының Батыры атағы берілді.

Владимир Ефимович БРЕУСОВ

Аға лейтенант, 1944 жылға дейін 299-атқыштар дивизиясы 960 атқыштар полкінің пулеметшісі, 53 армия құрамында 1943 жылы Совет Одағының Батыры атағын алған.

Қаһарлы 1942 жылы қанды шайқастар кезі. Дәл осы кезде фабрика-завод мектебін жана бітіріп Қарағандыға келген алматылық Володя Бреусов №50-52 шахтада тіреуші болып істеп жүрген. Алайда, жас кенші Отан тағдыры таразыға түскен майдан жайын көбірек ойлап, алаңдай берді. Сөйтіп, 1943 жылдың басында Қарағанды комсомолының түлегі

Володя өз еркімен майданға аттанды.

1943 жылдың тамыз айы. Харьковты азат етуге ұмтылған әскерлеріміз ұрысты үдете түсті. Жерлесіміз Владимир Бреусов аға лейтенант Петришевтің қарауындағы 16 жауынгердің бірі еді. Олар Полное деревнясы түбіндегі жау бекінген шоқыны басып алып, ұрыс салды.

Құралайды көзінен атқан мерген Володя Бреусовтың пулеметінен атылған оқтар жауды құрақша жайпады. Сол күні жаудың от шашқан бес ұясының көмегіне құм құйып, В.Бреусов жау окопына да жетті.

Оған беріле қоятын фашистер де осал емес. Бірақ коммунист Владимир Бреусов құрыш құрсаған қанішер жаудан тайсалмады. Дұшпанды өзіне таяуырақ келтіріп, жаусатып отырды. Он алты ержүрек жігіттің жетеуі ғана қалды, үшеуі тағы мерт болды. Оқ тасылды. Алайда, жау шоқының иығына шыға алмады. Сол мезетте бұларға соңынан тың күш келіп қосылды.

Осынау ерлігі үшін 1943 жылғы қарашаның 1-інде СССР Жоғарғы Советі Президиумының Ұақымен Владимир Ефимович Бреусовқа Совет Одағының Батыры атағы берілді.



Бұдан кейін, 1944 жылы кіші лейтенант Владимир Бреусов Орел мен Белгород шаһарларын азат ету соғысына қатысты. Ленин, I дәрежелі Отан соғысы ордендерімен және медальдармен наградталды.

• ЧЕРНОБЫЛЬ АПАТЫНА – 40 ЖЫЛ

Жарылыстың жазылмайтын жарасы

Адамзат тарихындағы ең жойқын техногендік апат – Чернобыль апатының зардабы әлі күнге ұмытылған жоқ. Атом электр станциясындағы жарылысты залалсыздандыруға мыңдаған отандасымыз атсалысып, өмірі мен денсаулығын бәйгесіне тікті. Был осы сұрақты оқығаға тура 40 жыл толды. Осыған орай, редакция қоржанына келіп түскен, сол кезеңде қауіпті аймақтың қақ ортасында болып, «көрінбейтін майданда» ерлік көрсеткен жерлесіміз Мейрамбек Баекеновтің естелік-мақаласын назарларыңызға ұсынып отырмыз.

РЕДАКЦИЯДАН

Адамзат баласы небір зұлматтарды басынан өткерді. Соның бірі – 1986 жылдың сәуір айында орын алған Чернобыль атом электр станциясындағы тосын апат. Арада 40 жыл өтсе де, сол бір қасіретті күндердің табы жүректен өшкен емес. Бүгінгі бейбіт күннің бағасын ұғынып, тарихтан тағылым алсын деген ниетпен, сол бір отты жылдардан қалған естелігіміз оқырман назарына ұсынууды азаматтық парызымыз деп білеміз.

1983 жылы маусым айында азаматтық борышымды өтеуге әскер қатарына Мәскеу қаласына аттандық. Екі жылды ойдағыдай аяқтап, елге аман-есен оралдым.

1985 жылы өмірлік жарыммен табысып, қазан айында отау құрып, отбасы болдык. Ауылдық жерде мамандығым байланысты жұмыс болмай, Жезқазған қаласына баруға тура келді. Содан Жезқазған қаласына көшіп барып, Жезқазған ЖҚҰ-11 тіресінің (жол-құрылыс ұйымы) бір учаскесінде аға мастер болып жұмысқа кірістім. Екі жылдан кейін мені Жезқазған қалалық әскери комиссариаты 1987 жылдың 16 шілдесінде шақыру қағазын жіберіп, шақырты. Танертең сағат 9:30 шамасында қалалық әскери комиссариатқа бардык. Комиссариат қызметкері – кеудесінде ұшқыштың эмблемасы бар, орта жастағы полковник келген азаматтардың әскери билеті мен паспортын жинап алды. Содан кейін бізге: «Ертең сағат 9:00-де қалалық медициналық тексерістен өтесіңдер!» деді де, басқа ешқандай түсініктеме берген жоқ. Үшінші күні танертең шамамен қырыққа жуық адам, қалалық медициналық комиссиядан тексерістен өттік. Барлығы жоспар бойынша жүріп, ешқандай қосымша түсініктері берілмеді.

Кешке қарай әлгі полковникіміз енді екі күннен кейін облыстық медицина байқауынан өтетінімізді ескертті. Біз әлі жүріміз, «Қайда?», «Не үшін?» тексерістен өтіп жатқанымызды біле алмай. Бәрі сол қалпы жұмбақ күйінде қалды. Сонымен, шілденің аяғында, облыстық медициналық тексеруден өттік. Алғашқыдағыдай емес, әскери адамдар саны да, медициналық тексеруден өтіп жатқандар саны да әжептәуір көбейді. Балқаш, Қаражал, Никольск (қазіргі Сәтбаев қаласы) қалаларынан т.б. аудандардан

келіпті.

Сонымен, 1987 жылы шілденің аяғында (күні нақты есімде жоқ) кешкі сағат 18:30-да бізді «Жезқазған-Петропавловск» пойызына қойша тиіп, шығарып салды. Кеңес Үкіметінің әлі де қаһарлы әмірін жүргізіп тұрған кез. Қарағандыға баратынымызды білеміз. Қалғаны беймәлім.

Басым бөлігі жас буын. Мен сол кезде 24-темін. Әйтеуір, барлығы – екі жылдық әскери міндетін өтеп келген азаматтар. Біріміздің «Әскери билетіміз» қалтамызда.

1985 жылы екі жылдық әскери міндетімді өтеп келгенде 22 жаста болсам, екі жылдан соң 24 жасымда әскер қатарына қайта шақырылдым. Негізінде, «ЧАЭС» Чернобыльге шақырылатындардың жасы 35-тен 45 жас аралығындағы азаматтар екенін кейін білдім.

Сөйтіп, танертен Қарағандыдан өттік. Ендігі бағыт – Ресей. Түс ауа Ақмола қаласына барып тоқтадық. Ол жерде үш сағаттай аялдадық.

Біздің пойызға Алматы, Шымкент, Қызылорданың вагондарын тіркей бастады. Үстіндегі киімдері де біздікі сияқты әскери киім. Ұзын сөздің қысқасы, қазақстандықтар Киевке жол тартқанда бір-ақ білдік. Украинаның астанасы Киевке түс мезгілінде бір эшелон болып жеттік. Вокзалдан әрі қарай бізді жиырма шақты әскери автомашинаға отырғызып, алып кетті. Кешке қарай «Зеленый мыс» деген ауылға алып келді. Бұл ауысыммен жұмыс істейтін қарапайым тұрғындардың поселкесі екен. «Германский брандербург» дейді. Мұнда бірінғай құрастырылатын үйлер, жатақхана, аурухана, дүкен, асхана, контор, клуб екен.

Бізді жан-жаққа жұмысқа таратуға, сол жердегі үлкен клубқа жинады. Клубтың ішінде, шені бар полковниктен бастап, прапорщикке дейін отырды. Клубта отырған, дивизия командирі деп таныстырды. Полковник (фамилиясын ұмытып қалдым) айтқан сөзі күні бүгінге дейін есімнен кетпейді. «Қанекей, айтыңдар, 1986 жылғы 16 желтоқсанда көтеріліске шыққан азаматтар бар ма?» деп, сұрады орысшалап. Залдың іші де шу ете қалды. Орысы, қазағы, басқасы бар, біреулері «и» деп, біреулері «жоқ» деп шулап жатты. Қазақстандықтарға полковник мырзаның өшпенділігі соншалық, барлығымызға «Төртінші блокқа жұмыс істейсіңдер!» деп бұйрық берді. Енді өз басымынан кешкендерімді аздап баяндайын.



Ел қатарлы сол күні «Зеленый мыс» ауылы жанындағы «Ленинград әскери округі» 93605 әскери бөліміне» түстім. Полк командирі – полковник Соблев, штаб бастығы – майор Пинип, ал, рота командирі старший лейтенант Иванов болды.

Тамыз айының басында екінші әскери міндетім басталып кетті. Менің алдыма барған азаматтар өздерінің алты ай бойы, үшінші және төртінші блоктарда, қандай жұмыс атқаратынын және улы жерде қалай жүретінін түсіндірді. Сөйтіп, олар кетті де, біз қалдық.

Біз тұратын әскери бөлімшеден Чернобыль ауданына үш сағаттық жол. Чернобыльға апаратын арнайы автобус бар. 15 күн жатып жұмыс істейміз, 15 күн бөлімшеде демаламыз.

Чернобыль ауданына баратын жол – асфальтталған кәдімгі тас жол. Жеткенше 10 шақты пост бар. Чернобыль ауданының орталығына жеткен соң, әскери бөлімшемізден келген автобусы қалдырамыз да, ескі, лас автобуска мініміз. Кейін Чернобыль ауданынан 15 шақырым жердегі АЭС станциясына жол тартамыз. Ол жерді «15 шақырымдық аумақ» деп атайды. 20-30 минуттың ішінде жетіп барамыз. Нағыз жарылған 3-4-ші сойқаныңыз осы жер.

Блоктың тұрмыстық қызмет көрсету ғимаратында бергі жағынан жұмысқа кірерде таза киімдерімізді қалдырып, екінші жағына жұмыс (ескі, уланған) киімді киіп, төртінші блок жұмысына кірісеміз.

Алдымызда әр бөлмеде химия саласында істейтін дезометристер, қолындағы тексеретін аппаратпен шкаласы әр бөлмеде қанша доза барын тексеріп береді. Бір бөлмеде 5 минут жұмыс істелсе, келесісінде 10 минут, ең көп уақыт 20 минуттан аспайды. Одан әрі жұмыс істеуге рұқсат жоқ. Құрылыс материалдардың барлығын тек Киевтен әкеледі.

Кешкі сағат 17:00-де тұрмыстық бөлімге келіп, уланған киімді, мұрнымызға киген

шаң ұстағышты (липисток) тастап, себезгіге (душ) кіреміз де, арғы жағынан таза киім киіп, танертең әкелген автобусымызға отырып, 15 шақырымдық аумақтан Чернобыль ауданына келеміз. Күтіп тұрған таза автобусымызға отырып, үш сағаттық жол жүріп, кешке қарай бөлімшемізге ораламыз.

Сонымен, екінші әскери қызметім барысында тамыз, қыркүйек, қараша айларында, үшінші, төртінші блокта 15 күннен 3 ай жұмыс істедім. Нағыз атомның ортасында.

Айта кетер жайт, Чернобыль ауданына барғанда, көрсетілген жолдармен жүруің керек. Ешқандай өздігімен жүруге болмайды. Өзенге шомылуға, балық аулауға, жеміс-жидек теруге немесе басқа үйлерге кіруге болмайды. Кейбір азаматтар, ережені орындамағандықтан, түрлі қиын жағдайларға ұшырап жатты. Жұмысқа кірісер алдында, әр азаматқа өз әскери билетінің номерімен омырауымызға радиация өлшейтін құрал тағып береді. Оның атауы – накопитель. 15 күннен кейін жаңағы накопительді жинап алып, кімнің қанша доза алғанын анықтайды.

Көп доза қабылдағандарды түрлі сылтаулармен (сарбаздарды шошытпас үшін) мысалы: «Шешсең ауырып қалыпты, әкең ауырып қалыпты» деген сылтаумен елге қайтарып отырды. Оны да кейін білдік. (Ол азаматтар қазір бұл өмірде жоқ та шығар.)

Орыс халқы басқа ұлт өкілдерінен өздерін жоғары ұстайтындығын көрсетіп алды. Мәселен, екі айдан кейін қазақстандық орыстардың біразын қайтарып жіберді. Орыстарға айтқан сылтауы, орыстарда бала басы аз, біреу, не екеу деген сылтаумен. «Ал, басқа ұлтта бала көп, кем дегенде үшеу, одан да көп бала болады» деген сияқты ақылға қонбайтын сылтаулар айтылды.

Менде де 1987 жылы бір жастағы бір балам ғана болатын. Қараша айының бас кезінде «Енді елге қайтамыз!» деп қуанып жүргенде, «жығылғанда жұдырық» демекші, «Ленинград әскери округі» 9365 әскери

бөлімі бізді, отыз шақты азаматты жаңадан салынып жатқан «Славутич», «Прилет» қаласының орнына бір айға құрылысқа командировкаға жіберді. Барсақ, құрылыс жүріп жатқанға мүлдем ұқсамайды. Өзеннің жағасында оншақты кішігірім пароход орналасқан (өзеннің атын ұмытып қалдым).

Сол пароходтарда тұратын адамдар Киевтен келіп, ауысыммен істейтін жұмыскерлер. Жататын орындары, асханасы барлығы сол жерде. Бізге өзен бойынан екі шақырым жерде солдаттарға құрылған палаткадан орын тиді. Ертесіне екі шақырым жердегі, кемедегі асханадан тамақтанып, үш шақырым қашықтықтағы жаңадан салынып жатқан қалаға тарттық.

Барсақ, ауқымды құрылыс жаңа жүріп жатыр. Мектеп, аурухана, тұрғын үй, монша т.б. Біздің еншімізге 250 орындық жартылай салынған балабақша тиді. Қараша айының басынан бастап, желтоқсанның ортасына дейін қала құрылысына көмекке келген сарбаздар жататын палатканың ортасында күніне үш шақырым әрі, үш шақырым бері жүріп-тұратын болдық.

Дана халқымыз «Басына түссе, баспақшылысын» деп бекер айтпаған. Амансыздан барлығына да көндік. Біз осымен 30 шақты азамат бұрынғы 93605 бөлімімізге желтоқсанның 20-ы қайтып оралдық.

25 желтоқсан күні 10 азаматқа бөлім командирі «Алты ай мерзімінде міндетін өтеді, енді еліне қайтуға рұқсат!» деген бұйрық ұстатты. Сонымен, 1987 жылы 29 желтоқсанда 10 азамат аман-есен елге оралдық. Қалған азаматтар бізден кейін келіп жатты. Қазір сол сарбаздардың тең жартысы жоқ десем, өтірік болмас.

Елге келген соң да, Чернобыль апатын жоюға қатысқан азаматтардың балаларына оқуға түсуге, колледж, жоғары оқу орнына грантка түсуіне және жұмысқа тұруға ауқымды көмек жасадым.

Адал еңбегім ескерусіз қалған жоқ. 2016 жылы ҚР Төтенше жағдайлар министрлігі «Төтенше жағдайлардың алдын алуда және жоюда үздік шыққаны үшін» төсбелгісімен марапаттады. 2018 жылы тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаевтан «Ерлігі үшін» медалін иелендім. Қарағанды қаласының әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтан «Құрмет грамотасын» алдым. 2016 жылы Қарағанды қаласында Чернобыль ардагерлеріне арнап, ескерткіш ашылуына, ал, 2021 жылы 25 тамызда Шет ауданында Чернобыль апатына 35 жыл толуына ескерткіш тақта ашылуына.

Бүгінде 2-топтағы мүгедек болсам да, хал-қадірімше мектеп оқушыларына, жоғары оқу орындарына, колледждерде патриоттық тәрбие беруден жалыққан емеспін. Қоғамдық жұмыстарға белсене араласамын.

Мейрамбек БАЕКЕНОВ,
оқиға куәгері
Сурет автордан

• ҚҰРМЕТ

Теміржолда өрілген өмір жолы

Алатау бөктеріндегі ару қала Алматыға жолым түссе, арнайы іздеп барып, аңыз аға, абыз тұлға Амангелді Жұмағалиұлы Омаровпен амандасамын. Арқа даласындай кең пейілді, Алатаудай асқақ тұлғалы ағамен әңгімеміз түгесілмейді. Елдің амандығын сұрап, Балқаш, Ақтоғай өңіріндегі ағайындардың аман-саулығына тілекші екенін білдіріп, ақ самалдай аңқылдап сала береміз. Екі иығына екі кісі мінгендей алып тұрпаты, енгезердей ағаның балаша ел-пілден, елгезек күйге түсетіні еріксіз таң қалдырады. Сүйсінесін. Риза боласың. Сексен деген сенгір жастың жуан ортасына келіп қалса да, қайраты кемімеген, сергектігіне селкеу түспеген.

Атам қазақ «Тектіден текті туады, тектілік тұқым қуады», – деп тегін айтпаса керек. Әкесі Жұмағали Омарұлының қазақтан шыққан тұңғыш теміржол инженерінің бірі екенін, ХХ ғасырдағы алып теміржол құрылысы «Түркісіб» магистралін басқарған тарихи тұлға болғанын бұрыннан білетімін. Азия мен Еуропаны жалғаған алтын көпір іспетті «Түркісіб» теміржолы құрылысында қатардағы жол шебері болып бастаған әйгілі Жұмағали Омаров аты аңызға айналған Мұхамеджан Тынышбаевтың сенімді серігі болып, осы тарихи теміржол желісін басқару сеніміне ие болған. Тынышбаевтың таңдауы тегін адамға түсе ме?

Сөйтіп, Кеңес Одағы кезіндегі ықпалды орталықтың «қазақтың қолынан мал баққаннан басқа түк келмейді» деп, біздің ұлы халықты «бұратана» санаған көзқарасын жоққа шығарып, Жұмағали Омаров тарихи терең ірі жобаны жүзеге асыру ісінде аянбай еңбек етіп, абырой биігіне көтеріледі. Омырауында Ленин, Еңбек Қызыл Ту, II дәрежелі «Ұлы Отан соғысы» ордендері мен ондаған медаль жарқырап, еңбек майданының бас батыры атанған Жұмағали Омаров туралы аңызға бергісіз әңгіме көп.

Әуелі, ол – оқымаған инженер. Иә, Жұмағали Омаровтың дипломы болмаған. Ол – қайламен ғана еңбек етіп, иығына генерал жұлдызын таққан тұңғыш қазақ. Теміржол саласы ежелден әскери мақсаттағы нысан болғандықтан, бұл саланың мамандары әскери шен таққаны белгілі. Ал, Жұмағали Омаров генерал шенін Сталиннің қолынан алған. Амангелді ағаның асқар тау әкесі Жұмағали Омаров ғұмырында Сталинмен екі рет жүздесіпті.

Бірінші кездесуі – шытырман оқиға. 1941 жылы жау шеңберінде қалған Украина жерінен 500 паровозды бір-біріне тіркеп, тасырып алып шығу операциясы ұйымдастырылады. Мақсат – паровоздарды жау қолында қалдырмау. Осы бір аса маңызды құпия тапсырманы орындау полковник шеніндегі қазақ инженері Омаровқа жүктелген екен. Бұл операциядан орыс инженерлері не үшін шеттетілгені әлі күнге белгісіз. 1931 жылы «Түркістан-Сібір» теміржол магистралінің құрылысын абыроймен аяқтап, ғасыр құрылысын ғажапайы ұйымдастырушылықпен атқарған қазақ инженерінің «құрбандыққа шалу» ма, әйтеуір, осынау аса қауіпті де, маңызды тапсырма Жұмағали Омаровтың жауапкершілігіне беріледі. Абырой болғанда, тапсырма тап-тұйнақтай орындалып, қазақ инженері Сталин қабылдайды. Кездесу соңында Сталин:

– Жолдас Омаров, жарайсың! Мен өзін секілді адал коммунист, білікті маманды құрметтеймін! Жоғары білімің бар ма? – деп сұрапты. Бас Қолбасшының сұрағына әскери тәртіптен жауап берген Омаров:

– Жоқ, жолдас Сталин. Оқуға уақытым болмайды, – деп жауап береді.

Маңғаз Қолбасшы:

– Оны шешеміз, – дейді де, телефонмен Калининге шұғыл тапсырма беріп, Жұмағали Омаровтың дипломаға қол жеткізуін қамтамасыз етуді жүктейді. Сталиннің кабинетінен қызметкері күйіп алып, оны Калинин мырзаға алып барады. Калинин де аса маңызды операцияны сапалы орындаған қазақ инженеріне алғысын білдіріп, Мәскеу транспорт институтының (МТИ) ректорына қоңырау шалады да, Омаровтың студенттерге лекция оқуына мүмкіндік жасауды тапсырады. Сөйтіп, ешқандай жоғары білімі жоқ қазақ инженері бірінші академиктер мен профессорлардың қатысуымен Одаққа белгілі іргелі оқу орнында дәріс оқиды. Сонда институт профессорларының өзі Омаровтың лекциясын конспектпен жазып алған екен. Осылайша, орыс тілінде еш мүдірмей, қағазға да қарамастан, алты күн лекция оқыған дипломсыз қазақ инженері МТИ ғалымдарына бас шайқатыпты. Сонан кейін МТИ ректоры мен ғылыми кеңесі бірауыздан «Жолдас Омаров – нағыз инженер. Оған МТИ дипломы берілісін» деген шешім қабылдап, Жұмағали Омаров МТИ ғалымдарынан оқымай-ақ, керісінше өздерін оқытып, диплом алады.

Сталинмен екінші кездесуі салтанатты жағдайда өткен. Кеңестер Одағы Ұлы Отан соғысында жеңіске жеткеннен кейін тылдағы еңбек қабармандарын Иосиф Сталин өзі қабылдап, Кремльде марапат тапсырады. Сол қабылдауда Амангелді ағаның әкесі Жұмағали Омаров та болып, Бас Қолбасшының қолынан II дәрежелі «Ұлы Отан соғысы» ордені мен генерал шенін алыпты.

Сонымен қатар, Жұмағали Омаров – Қазақстанда теміржол институтының ашылуына мұрындық болған тұлға. 1967 жылы Алматы теміржол дистанциясының басқарма бастығы лауазымынан өз еркімен босап, кәсіби білім мен өмірлік тәжірибесін ұлттық мамандар дайындау ісіне арнауға бел буады. Мәскеуге мың барып, КСРО Көлік министр-

лігінің табалдырығын тоздыра жүріп, Қазақстанға теміржол институты қажет екенін дәлелдейді. Ақыры, КСРО Министрлер Кеңесінің (СовМин) төрағасы А.Косыгин мырзаның қабылдауында болып, бұл мәселені де табандылықпен шешеді. Алғашында Ташкент теміржол институтының филиалын ашып, кейін өз алдына Қазақ теміржол институты шаңырақ көтереді. Қазақ теміржол инженерлерінің қаншама буынын дайындап шығарған оқу орнының тұңғыш ректоры болып Жұмағали Омаров тағайындалады.

Міне, осындай текті әке, білікті инженер, ғибратты ұстаз, практика мен теорияны терең меңгерген ғалым, Сталинді мойындапқан тарихи тұлғаның ұрпағы қалай осал болсын?! «Әке көрген оқ жонар» дегендей, ардақты әкенің аманатына адалдық танытып, өнегелі жолын жалғастырушы кіші Омаров – Амангелді Жұмағалиұлының да теміржолдан басталған өмір жолы өнегеге толы.

...Әкелі-балалы Омаровтар тағдырындағы сабақтастық – тереңнен тамыр тартып, әлдебір тылсым күшпен бекітілген үндестік. Мәселен, әкесі Жұмағали Омаров – «Түркісіб» теміржолының қазығын қағып, құрылысын ұйымдастырушы болса, баласы



Амангелді Омаров – Қазақстан Тәуелсіздігінің алғашқы жылында «Достық-Алашанқоу» теміржолы желісін іске қосып, екі ел арасындағы ұлы достықтың құрметіне саналатын бірегей жобаны жүзеге асырушы инженер. Әкесі Жұмағали Омаров – «Қарағанды-Сұрыптау» теміржол бекетін жобалаушы болса, баласы Амангелді Омаров – сол бекетті толық іске қосқан аңыз инженер. Әкесі Жұмағали Омаров – «Түркісіб» теміржол желісін тау қопарып, тас үгітіп салған инженер болса, баласы Амангелді Омаров – сол «Түркісіб» теміржол желісін толық электрлендірген майталман маман. Әкесі Жұмағали Омаров – Қазақстанда тұңғыш теміржол институтын ашқан қайраткер болса, баласы Амангелді Омаров – Қазақ жол қатынастары университетінің, қазіргі Халықаралық көлік-гуманитарлық университетінің құрылтайшысы.

Міне, әкелі-балалы Омаровтардың тәуелсіз Қазақстан экономикасының құрметіне саналатын теміржол саласына сіңірген еңбегі осындай! Әке мен бала өмірі мен қызметінің сабақтастығында тек қана әке жолын қуған баланың еңбек жолы емес, қастерлі аманат, сол аманатқа адалдық, әке бастаған істі түпкілікті аяқтауға деген жауапкершілік жатыр.

Амангелді Жұмағалиұлы Омаров 1941 жылы 30 сәуірде Қарағанды облысы, Балқаш қаласында дүниеге келген.

Новосибирск теміржол көлігі институтын бітірген. Ол оқу орнына түсу тарихы да – ерекше. Қабылдау комиссиясына құжаттарын тапсырып, ертеңінде дайындық сабақтарының кестесімен танысуға келсе, емтиханға дайындалатын абитуриенттер тізімінде фамилиясы жоқ болып шығады. Комиссия мүшелерінен жағдайды сұрауға барса, бір қызметкер:

– Абитуриент Омаров сіз боласыз ба? Сізді институт ректоры күтіп отыр. Бізге сондай бұйрық берілген. Барыңыз, – деп, асқан сыпайы мәдениетпен жөн сілтейді. Түкке түсінібеген абитуриент Омаров:

– Мен сонда қайда баруым керек? – дейді.

– Жүріңіз, екінші қабатқа барамыз, – деп, ұзын бойлы енгезердей қазақ жігітін жетектей жөнеледі.

Ректор жылы қабылдап: – Жарайсың, Омаров! Аты аңызға айналған ардақты әкенің жолын қуып, нағыз керемет мамандықты таңдаған екенсің! Әкен қалай? Ол кісіде бәрі жақсы ма? – деп, орысша сөйлеген ректордың бір сөзін түсініп, бір сөзін түсінбей отырған Амангелді Омаровты сұрақтың астына алады. Әйтеуір, әкесін жақсы танытқан адамға ұқсайды. Ректор да жас жігіттің орыс тілін түсінбей тұрғанын сезе қойды да, шеткері үстелге отырғызып,



күрделі есептерді шешуге тапсырма берді.

– Екі сағат уақыт беремін. Бұл – өте күрделі тапсырма. Бірақ, мен білетін генерал Омаровтың баласы болсаң, саған оңай болуы керек! Қане, сынап көрейік! – деді де, өзі шығып кетті. Белгіленген уақыт өтті. Амангелді Жұмағалиұлы есептерді толық шығарып үлгерді. Жауапқа назар аударған ректор бірден телефон тұтқасын алып, арғы жақтағы біреулерге:

– Келіндер! – деп, бұйрық берді. Сол за-

жолы ғана емес, махаббат пен сезімге толы өмір жолы да басталған. Асыл жары Кәріма тәтемізбен осы Арыс топырағында танысып, отау құрды. Ұрпақ сүйіп, әке атанды. Ізгі жолы жалғасты болып, көктеп, көгерге бастады. Арыстан кейін Қарағанды жол дистанциясына ауысып, жол шебері, аға жол шебері, бас инженер лауазымдарын абыроймен атқарды. Сібірдің қалың қар, сарышұнақ аяздарында өндірістік іс-тәжірибеден өтіп шыңдалған жас инженерге Арқаның қытымыр қысы сынақ бола алмады. Талай қыстағы ақтүтек боран, көктемдегі су тасқыны кездерінде бірде-бір пойыз кестеден кешіккен кезі болған жоқ. Иә, жол дистанциясы басылырын тығырыққа тіреген күрделі жағдайлар болды. Алайда, Амангелді Жұмағалиұлының бойына әкенің күшімен сіңген шешімталдығы, кәсіби шеберлігі, инженерлік таланты тығырықтың бәрінен шығынсыз алып өтті.

Кәсіби біліктілігі жоғары бағаланған жас инженер 1971 жылы Балқаш жол дистанциясының, 1972 Қарағанды жол дистанциясының бастысы болып тағайындалды. Қарағанды облысында қызмет істеп жүрген кезінде облыстық халық депутаттары атқару кеңесінің депутаты болып сайланып, салалық қызметпен ғана емес, халықтың әлеуметтік тұрмысын жақсартуға, теміржол бойындағы станциялар мен разъездердегі халықтың мұң-мұқтажын шешуге де елеулі еңбек сіңірді.

1983 жылы сол кездегі ел астанасына қоныс аударып, Алматы жол дистанциясы бастысының орынбасары, кейін бастысы болып абыройлы қызмет атқарды. Осы лауазымда жүргенде ұзақ уақыт бойы жылжымайтын вагонда (вагонның жартысы – жұмыс кабинеті, жартысы – жатын бөлмесі) тұрып, отбасынан жырақ жүріп, «Достық-Алашанқоу» теміржол желісінің құрылысын жүргізген. 1997 жылы «Қазақстан теміржолы» компаниясы Бас директорының бірінші орынбасары болып тағайындалып, жас мемлекеттік теміржол көлігі саласын дамытуға сүбелі еңбек сіңірді. 2003 жылдан бастап маман даярлау ісіне біржола ауысып, Қазақ жол қатынастары университетінің ректоры, 2023 жылдан Халықаралық көлік-гуманитарлық университетінің президенті қызметін атқаруда.

Еңбегі елеусіз қалған жоқ. Омырауында талай жылғы қажырлы еңбектің дәлеліндей болған «Ерен еңбегі үшін» медалі (1975 ж.), «Құрметті теміржолшы» (1986 ж.), «Көлік саласының еңбек сіңірген қызметкері» (1992 ж.), «ҚР Білім беру саласының құрметті қызметкері» төсбелгілері, тәуелсіз Қазақстанның мәртебелі марапаттары «Құрмет» (2017 ж.), II дәрежелі «Барыс» (2021 ж.) ордендері мен ондаған мерекелік медальдар жұлдыздай жарқырайды. Кеше ғана Ғылым күніне орай Ақордада өткен салтанатты жиында Мемлекет бастысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қолынан «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» атағын алды. Ғылымда да олжасыз емес. Ол – 500-ге жуық ғылыми мақаланың, 100-ге жуық оқулықтар мен оқу құралдарының, 10-нан астам монографияның авторы. Техника ғылымдарының докторы, академик.

Ел Тәуелсіздігін нығайтып, отандық теміржол индустриясын қалыптастыруға орасан еңбек сіңірген Амангелді Омаров – кешегі Алаш көсемдерінің арманын аялап, аманатын ардақтаған, қазақтан шыққан тұңғыш инженерлер Мұхамеджан Тынышбаев пен өз әкесі Жұмағали Омаровтың лайықты ізбасары. Жол табанындағы қос рельстің қаншама ауыр жүк өткізіп, батпандай салмақ көтеріп тұрған беріктігін жақсы білеміз. Әкелі-балалы Омаровтардың да тағдырын мен сол қос рельске ұқсатамын. Елдің жүгін көтеріп, абыройын асырған асылдар осындай болады.

Бүгінде 85 жасқа толып, Алаш абызына айналған Амангелді Жұмағалиұлының теміржолдан басталған өмір жолы тұйықталмаса екен!

Бекзат АЛТЫНБЕКОВ

Суреттер кейінкердің жеке мұрағатынан

• ИМАН

Дін және мемлекет

Қазақстан Республикасы – зайырлы мемлекет. Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап, мемлекет пен дін арасындағы өзара қатынастарға ерекше назар аударылып келеді. Зайырлы даму моделін қалыптастыру мақсатында 1992 жылғы 15 қаңтарда «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» Заң қабылданды. Аталған Заң зайырлылық ұғымын айқындап, ел аумағында діни қызметті жүзеге асыру тәртібін белгілеген болатын.

2011 жылғы қазан айынан бастап, бұл Заң «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заң деп аталып, оның мазмұны кеңейтілді. Онда діни қызмет саласындағы мемлекеттік реттеудің негізгі қағидаттары қамтылған: діни бірлестіктерді құру және тіркеу, миссионерлік қызметті жүзеге асыру, жарғыларды қалыптастыру, сондай-ақ, дін мен діни бірлестіктердің мемлекеттен бөліну принциптері айқындалған.

Бұл Заң мемлекет пен дін арасындағы ғана емес, еліміздегі барлық конфессия өкілдері арасындағы өзара түсіністік пен сыйластықты нығайтуға бағытталған. Сонымен қатар, рухани құндылықтарды сақтау, бейбітшілік пен келісімді насихаттау негізгі басымдықтардың бірі болып табылады.

Елена МАЙБОРОДА,
Қарағанды облысы
жергілікті діни бірлестік клубы

Терроризм мен экстремизм – қазіргі өркениеттің басты қатері

Терроризм – ұзақ тарихи даму жолы бар зорлық-зомбылық идеологиясы. Қойылған мақсаттарға жету үшін күш қолдану бүгінде өз әрекеттерін «діни» наным-сенімдермен ақтайтын террористік ұйымдармен жиі байланыстырылады.

Қасиетті мәтіндерді радикалды түрде түсіндіру экстремистік мінез-құлықты қалыптастырады. Ол қоғамға, мемлекетке және дәстүрлі діни танымға қатысты радикалды көзқарастарды ұстанумен сипатталады. Жана мыңжылдық адамзатқа терроризмнің барлық түрлері мен әдістерін көрсетті: саяси, этникалық, діни терроризм, көлік құралдарын пайдалану арқылы жасалатын әрекеттер, кепілге алу және басқа да түрлері.

Қазақстан да 2016 жылға дейін радикалды жалған діни топтардың террористік әрекеттерінен бетпе-бет келді. 2016 жылы жаһандық терроризм индексіне сәйкес Қазақстан 130 елдің ішінде 94-орында болған.

Қазіргі таңда Қазақстан 100 елдің ішінде 100-орынды иеленіп отыр, бұл алдын алу және профилактикалық жұмыстардың оң нәтижесін көрсетеді. Бұл бағыттағы жұмыстарға тек мемлекеттік органдардың қызметкерлері ғана емес, сонымен қатар рухани құндылықтарды сақтап, насихаттайтын, теңдік, бірлік, өзара құрмет пен өзара көмек қағидаттарын ұстанатын әрбір азамат атсалысады.

Елена МАЙБОРОДА,
Қарағанды облысы
жергілікті діни бірлестік клубы

№81

Қарағанды облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексін, «Мемлекеттік қызмет» және «Жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңдарының нормаларын департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 8:30-18:00-ге дейін жұмыс тәртібімен 56-31-35, 56-25-82 сенім телефондары қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы link.kar@minfin.gov.kz

д

Түзету: Газеттің 24 ақпандағы санында басылған «Жас келсе іске» деген мақаладағы мамандарға үй сатып алуға бюджеттен берілетін ақша жылына 1 пайызбен қайтарылады деп оқысын.

• МЕРЕЙ


Ақбауырдан шыққан тағылымды ұстаз

Шет ауданының «түгін тартсаң, майы шығады» дейтін Қызылтау өңіріндегі мал шаруашылығы басты тірлігі болған Ақбауыр ауылында 1946 жылдың көктемнің жазға ұласар шағы мамыр айының 1 жұлдызында Исабек ақсақалдың тұңғышы да жалғыз Марат дүниеге келген екен. Малды ауылдың өмірі де белгілі – жайлау, күздік, қыстау – бәрі табиғат аясында өтеді. Осындай ауылда белі майысып тезек терген, қабырғасы қайысып тамызыққа қараған орган, тірсегі соғысып жүріп су тасыған, жасы оннан аса қолына айыр ұстаған, қозы қайырып, қой баққан, маңдайынан тері сорғалап қи ойған, өзеннің жылғасын қатырмас үшін суат ойған бала Марат – қазақы тәрбиені толығынан көріп өскен.

Қиындықтармен қатар табиғат аясында еркін өскен бала қиялы да ұшқыр. Аңғарымпаз, дүние ғаламға пайымды, ашық құлақ саналы азамат болып өскен Марат ауыл кітапханасындағы кітап атаулыны тұқ қалдырмай оқиды. Ертегілер, батырлар жырлары, жиссалар. Ол кез – казак әдебиетінің де халықпен етене араласқан жылдары болатын. Кез келген үйге «Жұлдыз», «Мәдениет және тұрмыс» журналдары, газеттер көптеп келетін. Солардың бәрі өзі де табиғатынан ойға бейім, оқығанын тоқи алатын жас баланың ой-өрісінің кеңейте беріне қатты әсер еткені сөзсіз. Өзі айтатындай, ауыл баласының арманы биік – философ болу, гректің материалистерін, немістің классикалық философиясынан қолына түскендерін оқып, оқығанын талдай, саралай отырып, соны түсінуге, зерделеуге тырысады. Бағына қарай мектептегі ұстаздар да шәкірт жаңын түсінуге тырысатын, өз істеріне берілген адамдар болып кездеседі. Алғашқы ұстаздары Жұпар Түсіпов пен Ергали Ахметовті ерекше жылылықпен еске алады. Әдебиетке қызығушылығын оятқан, шығарма жаздырып шыңдаған Бағаш Елубайқызы Нәшарбекованы, «тарих қойнауына енгізген» Ибраһим Мақажановты, мектептің барлық қоғамдық жұмысына тартқан сол кездегі директоры Марс Ерембекұлы Төлеуқұловты дүниетанымың артып, рухани әлемінің қалыптасуына сүйсірген еңбектері үшін қастерлейді. С.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінде жазған шығармасын көріп, өз факультетіне ауыстырып алатын академик Зейнолла Қабдоловтың «Сенің шығармаларың оқыдым. Батпақты жерлермен жүріп келе жатып, суы мөңдір бұлақтың көзіне тап болғандай болдым, ол – сенің жазған шығармаң, бірденің жаза жүр» – деген арқалы шығармашылық қуатын көрсетсе, тарих факультетіндегі ұстазы Бақтажар Мекішев МГУ-ге жіберіп, орталықтағы профессорлармен тілдесіп, пікірлесуе жағдай туғызды, оқулық авторы академик С.Сказкиннің үйін-

де болып, отбасымен танысуға мүмкіндік жасайды. Ғылыммен шұғылдануға болар еді. Дегенмен, бір үйдің жалғыз тірегі, әкесі рұқсат бергенімен, анасы жаңынан шығарғысы келмейді. Сонымен отбасының шешімімен Ақбауыр орталық мектебінде мұғалімдік қызметін бастайды. Кейіннен сол мектепте директор болған Марат Исабекұлының еңбек жолындағы айтулы келесі кезең аудандық оқу бөлімінің меңгерушілігіне тағайындалу болды. Бір ол ғана емес, ауданды 16 жыл үздіксіз басқарған Кәмәлі Жұматайұлы Дүйсембековтің алдынан талай жас үлкен өмірге жолдама алған. Көнігі басының батыл шешімі. Кішкене ауылдан кейін аудан орталығындағы ауқымды өте үлкен қызмет. Жаңа жұмыста әртүрлі деңгейдегі қызмет иелерімен қабаттаса, қанаттаса қызмет жасауға тура келді. Бұл жас кадр үшін үлкен өмір мектебі болды. Үлкен ортада болатын қызғаныш деген, күншілдік деген пенделге тән сүйкімсіз қылықтардың айналанды дастайтынын, кейде оның кесірі де тиіп кететінін өз көзімен көріп, басынан өткерді.

1981 жылы аудандық атқару комитетінің ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі болып қызмет атқарған Марат Исабекұлы, бірнеше айдан кейін аудандық партия комитетіне ауысты. Партиялық қызмет абыройлы, сонымен қатар жауапкершілігі мол, біліктілігі талап етеді. Мәкеңнің бойына ондай қасиеттер жастайынан сіңісті болған. Он жылға жуық жалпы бөлімнің меңгерушісі ретінде аудандық партия комитетінің бірінші хатшылары Мейрам Абакановпен, Сағымбай Медеубаевпен бірге қызмет атқарды. Партия комитетінде өзінің бұрынғы ұстазы осы жолдардың авторымен, өмірлік бай тәжірибе жинақтаған бізбен қызметтесе, отбасыларымен аралас-құралас болды. Араларында жолдастық қатынас орнады. Партия тарар алдында өзі сұранып, аудан орталығындағы М.Горький атындағы орта мектепке ауысты. Қайта құру адамдардың өмірге көзқарастарына біршама жаңалық ала келді. Сөйтін жүргенде заман өзгерді, заманмен бірге



адам да өзгерді. Сөз көбейді. Кейіннен еліміз Тәуелсіздік алған кезде бұл жаппай ашылым сөйлеу сыңға, пікірталастарға жол ашып, мекеме, кәсіпорын басшыларынан бастап, әр түрлі деңгейдегі депутаттарды сайлау науқандарының бұрынғыдай емес, демократиялық жолмен альтернативті негізде сайлануына ұласты. Мектеп директоры болып жүрген Марат Исабекұлы әлдеқалай облыстық депутаттыққа ұсынылғанын естиді. Сенер-сенбісін білмей аудандық әкімдікке (бұл кезде басқару жүйесі өзгерген) келіп сұрастырса ра болып шығады, Ақсу-Аюлы сайлау округінен ұсынылған екі кандидатураның бірі екен. Шегінер мүмкіндік жоқ, тізім облыс орталығы Жезқазғанға кеткелі қашан. Бәсекелесі ауданда белгілі болып саналатын адам, әлдеқашан жұмысын бастап кеткен, бүкіл әкімшілік ресурс соның жағында, ауданның белгілі қызметкерлері соның сойылын соғуда. Не істемек керек, қабырғасымен кеңесіп «Шешінген судан тайынбас» деген, енді бағдарлама дайындайды. Өзімен бірге оқыған кластасы Бітім Ахметовті сенімді өкілі етіп, екеуі аудан орталығы мекемелерін, бөлімшелерді аралауға кіріседі. Марат Исабекұлы ұстаз, халыққа сүйкімді, сөзі жатық, айтқанында тұратын адам. Өзі арық, бойы ұзын, жаңындағы Бітім толық, бойы тапал. Екеуінің қолында бір-бір папкі бірінші соңынан бірі жүріп, жаяу-жалшылап, күндіз-түні ел аралайды. Ат қойғыш халық екеуіне «Код Нихот пен Санчо Панса» деп ат қояды. Классик бос сөз айтпайды, сырт пішіндерінің

сәйкес келуі өз алдына, Мигель де Сервантестің бас кейіпкерінің атақты: «Шындық бұзылмайды, ол қашанда өтірікті жоққа шығарады» деген афоризмінің растығын өмір тағы дәлелдеді. Халық қолдап шығады, әкімдіктің жоспары іске аспай, сайлаушылардың басым көпшілігі дауысын Мәкеңе береді. Ойда-жоқта облыстық Кеңестің депутаты болып шыға келген Марат Исабекұлы тарихта белгілі «Алғашқы таратып жіберу» дейін облыста белсенділік танытты.

Денсаулық жағдайына байланысты Қарағанды қаласына қоныс аударған Марат Исабекұлы 90-шы жылдардағы электр жарығы өлшеп берілетін, жылу жоқ, ыстық-суық су беру тоқтап, айналан бос қалған үйлер, ыстық тамақ істеп ішу мұң болған кездегі бастан кешірді. Бірнеше рет операциядан өткен өзінің денсаулығы да қатты алаңдатты. Осы кезде отбасының берекесін келтірген жастайынан сүйіп қосылған жары Қарлығаш Кенжеханқызы болатын. Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтын қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша бітіріп шыққан жан жары бірнеше мектепте қатар жұмыс істеді. Бұл бір сол атқарған жұмысының ақшасын да ала алмайтын уақыт болды ғой. Ондайда Қарлығаш жоқтан бар жасайтын, мойымайтын, дастарханы жаулы, ықылас-пейілі көл-көсір қазақ әйелдеріне тән қажыр-қайрат көрсете білді. Тұрмыстық қиындықтарды жеңе жүріп, қоғамдық мәні бар үлкен істерді де тындырған екен. Жаңа ғана ақталған Ахмет Байтұрсынұлының өмірі, шығар-

машылығы жөнінде ұстаздардың облыстық конференциясында баяндама жасапты. Жоғары санатты ұстаздың баяндамасы жинаққа еніпті. Сөйтін жүріп отағасының денсаулығының түзелуіне барын салды. Ақыры жеңіп шықты. Марат Исабекұлы Қарағанды қаласының бетке ұстар оқу орнының бірі – Жоғары политехникалық колледжіне жұмысқа тұрды. Директоры – техника ғылымдарының кандидаты Зекен Рақымұлы, мектепті бір жылғы бітірген жерлесі. Мәкең осы жерде оқу орындарында 90-шы жылдары жеке жүргізіле бастаған «Іс жүргізу» пәнінен сабақ берді. «Жеке пән» дегені болмаса оқулықтар да, әдістемелік құралдар да жоқ болатын. Көп ізденді. Мол іс жүргізу практикасы жүзеге асып, нәтижесінде Марат Исабекұлының тәжірибесі облыс оқытушыларына ұсынылды. Үздік ұстаздарға берілетін марапаты – Ыбырай Алтынсарин атындағы медальді – шығармашылық әлеуеті мықты осы жылдардағы жемісті қызметі үшін алған болатын. Мәкеңнің қатарластарымен сұхбаттасқанда ризашылықпен еске алатын кезеңі де – осы мекемеде ұстаздық еткен жылдар.

Екі мыңыншы жылдардың басында Қарағанды қаласының орталығында мешіт салынды. Оған бүкіл облыс болып кірісті. Кейінірек екінші мешіт салынды. Ол да халықтық құрылыс болды. Мешіттерде жаназа шығару, ас беру салтқа ене бастады. Тек халық шатасатын болды: «Ау, қай мешіт?», «Анау ше, Строймарттың қасындағы», «Саябақтың ішіндегі үлкен мешіт»... Облыстық «Орталық Қазақстан» газетінде мәселе көтеріліп, мешіттерге атау беру керектігі сөз бола бастаған әйте саясаққа жүгірткен әңгімелер сөйледі. Мәселе қалай шешілуі тиіс, кім соңғы нүктесін қояды? Мұғият па, әлде ономастикалық комиссия ма? Бұл тарапта үлкен белсенділік танытқан Марат Исабекұлы алғашқы салынған мешітке жерлесіміз, ғұлама ғалым, Кеңес заманының өзінде мұсылмандыққа бой ұрған Ақжан әл-Машани есімін бұру туралы 2016 жылдың 3 наурызында «Орталық Қазақстан» газетінде «Мешіт атауына лайықты есім» деген мақала жариялады. Атауды заңдастыру мәселесінде де елді ұйғарлық анық та, нақты сөз айтты. Сөзін ісімен жалғастырып, жамағаттың бас қосқан үлкен жиынында модератор болды. Көпшілік жүйелі де дәлелді пікірмен келісіп, кейін салынған үлкенірек мешіт «Әнет баба атындағы мешіт», кішірек мешіт «Әл-Машани атындағы мешіт» атауларына ие болды. Бұл да Марат Исабекұлының әр

мәселеге байыппен қарап, өзіндік пікір қалыптастыра алатынын, оған көпшіліктің де назарын аудару алатын қасиеті барының дәлелі.

Үлкен қаланың маңызды мәселелеріне белсене араласса да ұдайы көңілінде жүретіні – туып-өскен ауылының жағдайы болатын. Ауылдың халқы азайып, көз алдында азып бара жатқаны жаңына батады. Көп талаптанып, тіпті, алды шетел асып кеткен азаматтардың басын қосып, әр жылдары Ақбауыр ауылының 100 жылдық мерекесін, мектебінің 80 жылдығын, Тоқабай бабаның 300 жылдық мерейтойын өткізуде өзіне тән ұйымдастырушылық қабілетін толық көрсетті.

Осындай ірі шаралардың басы-қасында жүрген Марат Исабекұлы рухани тұрғыда да өзін жетілдіріп отыратын ізденгіш адам. Жеті жылдай уақытын Абайдың «Қара сөздерін» талдауға арнап, нәтижесінде өзі айтатындай «биік жартас іспетті, ерекше оқшау тұрған, бір сырлы дүние» «Отыз сегізінші сөз туралы Сөз немесе Дәниалық кітабы жайында Ой» деген философиялық-танымдық еңбегі дүниеге келді. «Ғасыр ғұмырлы Ақбауыр» (2015), «Ғұмыржазаба – өткенге саяхат» (2016), «Хадис тәмсілі – гираты қәмілі» (2018), «Абай сөзі – даналық көзі» (2020), «Көңілге түйгендерім, жинағандарым» (2020), «Тоқабай баба және оның ұрпақтары» (2024) – бұлар әр жылдары жарық көрген кітаптары. Дайын тұрған, әлі жарық көрмеген дүниелері де бар. Үш кітаптан тұратын «Аудармалар» жинағы, аударма жасалған «Энциклопедия мудрости», «Сокровищница вечных истин» – бәрі өз кезегін күтіп жатқан жайы бар.

Соңғы кезде денсаулығы сыр беріп, көп жағдайда келергі болды. Осындайда өзінің сүйеніші, әл-қуат беретін жан серігі Қарлығаш Кенжеханқызының жоқтығын қатты сезінетіні бар. Сүйікті жарының қайтыс болғанына да ширек ғасырдан асыпты. Екі ұлы азамат болған жастарында дүниеден өтті. Ендігі үміт етері қалған екі ұлы мен немере, шөберелері. Солардың тілеуін, шет елге оқуға кеткендерінің жолдары болуын тілеп отырған қадірлі, сыйлы ата Марат Исабекұлы биыл 80 жасқа толмақ. Халқына әлі берері көп азаматтың қуанышына ортақтасып құтты болсын айтаймыз.

Мерейтой құтты болсын, Марат Исабекұлы! Жасай беріңіз!

Марс ТӨЛЕУҚҰЛОВ,
Шет ауданының
Құрметті азаматы,
Жанат ШӘУКЕЙҰЛЫ,
еңбек ардагері
Шет ауданы

• АГРОКЕШЕН

Қазақстан Республикасындағы карантинге жатқызылған өнімді әкелу және әкету кезіндегі фитосанитариялық талаптар қандай?

Ауыл шаруашылығы – Қазақстан Республикасы экономикасының стратегиялық маңызды салаларының бірі. Еліміздің аграрлық секторын және экологиялық жүйесін қауіпті зиянкестерден, өсімдік аурулары мен арамшөптерден қорғау мемлекеттік деңгейдегі басымдыққа ие. Осы мақсатта Қазақстан аумағында өсімдіктер карантинін саласында қатаң нормативтік-құқықтық база қалыптастырылған. Негізгі реттеуші құжаттарға «Өсімдіктер карантині туралы» Қазақстан Республикасының Заңы және «Қазақстан Республикасының аумағын карантиндік объектілерден және бөтен текті түрлерден қорғау жөніндегі қағидалар» жатады. Бұл мақалада карантинге жатқызылған өнімдерді елге әкелу (импорт) және елден әкету (экспорт) кезінде сақталуы тиіс негізгі фитосанитариялық талаптарды толық қарастырамыз. Карантинге жатқызылған өнім дегеніміз не? Карантинге жатқызылған өнім – бұл өзімен бірге карантиндік объектілерді (зиянды жәндіктерді, өсімдік ауруларының қоздырғыштарын, арамшөп тұқымдарын) тасымалдаушы болуы мүмкін кез келген өсімдік текті материал. Фитосанитариялық тәуекел деңгейіне қарай бұл өнімдер екі үлкен топқа бөлінеді:

1. Тәуекелі жоғары өнімдер: тұқымдар, отырғызу материалдары, жаңа піскен көкөністер мен жемістер, астық, топырақ, сондай-ақ тірі өсімдіктер.
2. Тәуекелі төмен өнімдер: кептірілген өсімдік өнімдері, шай, кофе дәнектері, өңделген ағаш материалдары.
3. Сонымен қатар, бұл санатқа өнімді тасымалдауға арналған ағаш өнімдер (паллеттер, жәшіктер) мен жүк көлік-

терінің өзі де кіреді. Қазақстан аумағына өнімді әкелу (Импорт) талаптары Карантинге жатқызылған өнімді шет мемлекеттерден немесе Еуразиялық экономикалық одаққа (ЕАЭО) мүше елдерден Қазақстанға әкелу қатаң фитосанитариялық бақылаудан өтеді. Негізгі талаптар мыналарды қамтиды: Фитосанитариялық сертификаттың болуы; тәуекелі жоғары карантиндік өнімнің әрбір партиясы экспорттаушы елдің құзыретті органы берген түпнұсқа фитосанитариялық сертификатпен сүйемелденуі міндетті. Карантинге жатқызылған өнімнің жеделі пунктіде көлік құралдарын және тасымалдауға арналған бейімделерді (оның ішінде көлік құралдарының қабиналары, салондарын, багаж және жүк бөлімшелерін, контейнерлерді), жеке тұлғалардың қол жүгі мен багажын қайталама карантиндік фитосанитариялық бақылауды және қадағалауды, үлгілерді іріктеуді, қажет болған кезде аумақтың фитосанитариялық сипаттамасын және оның шыққан жерін, жеделі пунктін, сондай-ақ карантинді объектілер және (немесе) бөтен текті түрлер таралмаған немесе шектеулі таралған аймақтарды, орындарды, өндіріс учаскелерін есепке ала отырып, карантиндік фитосанитариялық сараптама және (немесе) зертханалық сараптама жүргізеді, карантиндік фитосанитариялық бақылау және қадағалау актісін жасайды, ілесіп тауар-көлік құжаттарына мемлекеттік карантиндік фитосанитариялық бақылаудан және қадағалаудан өткені туралы белгіленген үлгідегі тиісті мөрбаған басады. Бұл құл өнімнің тазалығын растайды және ол шекарадан өткенге дейін жарамды болуы

шарт. Шекаралық бақылаудан өту: Өнім Кеден одағының шекарасына немесе фитосанитариялық бақылау бекеттеріне келген кезде, мемлекеттік карантин инспекторлары оны міндетті түрде тексереді. Тексеру үш кезеңнен тұрады:

1. Құжаттарды тексеру;
2. Көлік құралын және өнімді көзбен шолып қарау;
3. Күдік туындаған жағдайда зертханалық сараптамаға үлгілер алу.

Мемлекеттік қайталама бақылау Өнім деген жеріне (қоймаға немесе зауытқа) жеткен соң, өнім иесі аумақтық мемлекеттік инспекцияға өнімнің келгені туралы хабарлауға міндетті. Жүкті қайталама тексеруден өткізбей және инспектордың рұқсатынсыз түсіруге немесе сағуға қатаң тыйым салынады. Ағаш орама материалдарына қойылатын талаптар: Тасымалдауға қолданылатын ағаш паллеттер мен жәшіктер халықаралық ISPM 15 стандартына сай өңделіп, арнайы таңбаман (колосок) белгіленуі тиіс. Ереже бұзылған жағдайдағы шаралар: Егер әкелінген өнімнен карантиндік объектілер табылса немесе құжаттары рәсімделмеген болса, өнім залалсыздандырылады. Егер залалсыздандыру мүмкін болмаса, өнім экспорттаушы елге кері қайтарылады немесе иесінің есебінен тәркіленіп, жойылады. Сондай-ақ, заң бұзушыларға ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес айыппұл (20-дан 100 АЕК-ке дейін) салынады. Өнімді Қазақстаннан әкету (Экспорт) талаптары Отандық өнімді (мысалы, қазақстандық бидайды немесе ұнды) шетелге экспорттау кезінде де арнайы рәсімдерді орындау міндетті.

Басты қағида – экспортталатын өнім импорттаушы елдің фитосанитариялық талаптарына толық жауап беруі керек. Қазақстаннан тыс жерлерге өнімді әкету үшін кәсіпкерлер фитосанитариялық сертификат алуы қажет. Бұл мемлекеттік қызметті ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің аумақтық бөлімшелері көрсетеді. Қазақстан Республикасында карантинге жатқызылған өнімдерді әкелу және әкету ережелерін сақтау – ауыл шаруашылығының тұрақты дамуының негізі. Бұл талаптар Дүниежүзілік сауда ұйымының (ДСҰ) стандарттарына және Халықаралық өсімдіктерді қорғау конвенциясына толық сәйкестендірілген. Кәсіпкерлер, фермерлер мен логистикалық компаниялар үшін фитосанитариялық талаптарды білу және орындау – тек айыппұлдардан сақтану жолы ғана емес, бұл отандық өнімнің халықаралық нарықтағы беделін сақтаудың және еліміздің биоәртүрлілігін қорғаудың басты кепілі. Уақытылы сертификаттаудан өту және инспекция органдарымен ашық жұмыс істеу экспорттық-импорттық операциялардың кедергісіз, әрі жылдам өтуін қамтамасыз етеді.

Шырайлым ТУРЫСБЕКОВА,
ҚР АШМ АӨК МИК
Қарағанды облыстық аумақтық инспекциясының өсімдіктер карантині және фитосанитариялық бақылау бекеттері жөніндегі мемлекеттік инспекция бөлімінің бас маманы



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

Жылдамдық бақылауы күшейтілді

Қарағанды қаласында жол қозғалысы қауіпсіздігін арттыру бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жалғасуда. Осы мақсатта қаланың орталығында, Назарбаев даңғылы, 32 мекенжайында жаңа жылдамдық өлшегіш құрылғы орнатылды.

Құзырлы органдардың мәліметінше, аталған учаскеде рұқсат етілген жылдамдық сағатына – 40 шақырым. Сондықтан, жүргізушілерден жол белгілерін қатаң сақтап, белгіленген жылдамдық режимінен аспау талап етіледі.

Жаңа бақылау құрылғысы тек құқық-бұзушылықтарды тіркеу құралы ғана емес, сонымен қатар, жолдағы тәртіп пен жауапкершілікті арттыруға ықпал ететін маңызды тетік. Мамандардың айтуынша, мұндай техникалық құралдарды орнату жол-көлік оқиғаларының санын азайтуға әр әсер етеді.

Полиция департаменті жүргізушілерді жол қозғалысы ережелерін сақтауға, өз қауіпсіздігі мен өзгенің өміріне жауапкершілікпен қарауға шақырады. Себебі, жылдамдықты шектен тыс арттыру – апаттың басты себептерінің бірі.

Қарағандыда қолға алынған бұл шаралар – жолдағы қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған кешенді жұмыстың бір бөлігі.

Өз тілімізден
ҚАРАҒАНДЫ

Қарағанды облыстық, қалалық және аудандық ардагерлер кеңестері Абай аудандық ардагерлер кеңесінің төрайымы Бақытжан Көрпешоваға бауырлы

Нұрлан ҚАЗБЕКҰЛЫНЫҢ
қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

• БЕНЕФИС

Өмір шырағы

Облыстық зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханада Ұлттық кітап күні мен Кітапханашылар күніне орай «Үздік оқырман – 2025» атты оқырман бенефисі өтті. Аталған іс-шараны облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы былтырдан бері қорыққан бойынша мүгедектігі бар жандардың арасында ұйымдастырып келеді. Жиынды кітапхана басшысы Ғалым Нұрланов ашып, келген қауымға жылы лебізін білдірді.



Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Байқау ережесіне сәйкес қатысушылар Брайль жүйесі бойынша кітап оқудан сынаға түсті. Бұл жүйеде мәтін әріптер арқылы емес, арнайы бедерлі нүктелер көмегімен беріледі. Оқырмандар сол нүктелерді саусақ ұшымен сипай отырып оқып, мәтінді қабылдау жылдамдығы мен түсіну деңгейін көрсетті. Нәтижесінде, үздік деп танылған 11 оқырман марапатталды, оларға сый-сияпаттар табысталды.

Қору қабілеті бойынша I топ мүгедектігі бар Нұрпатша Қалиева да байқау жеңімпаздарының қатарынан көрінді. Жеңімпаз өз сөзінде мұндай бастамалардың оқырман мәдениетін дамытуға зор серпін

беретінін атап өтіп, кітап оқуға деген қызығушылықты арттыруда ерекше маңызға ие екенін жеткізді.

– Осындай іс-шаралар кітап оқуға баулып, ізденуге шабыт береді. Бұл біз үшін үлкен мотивация әрі өзгелерге үлгі. Кітапхана ұжымына осындай мазмұнды мерекені ұйымдастырғаны үшін алғысымыз шексіз. Мұндай игі шаралар ерекше қажеттілігі бар жандардың оқуға деген қызығушылығын арттыруға айрықша ықпал етеді. Сондықтан, мұндай байқаулар жиі болса екен, – деді жеңімпаз.

Сурет ұйымдастырушылардан

• ТҰСАУКЕСЕР

Этнографтың жаңа кітабы жарық көрді

22 сәуірде Астанадағы Ұлттық академиялық кітапханада жерлесіміз, белгілі жазушы-этнограф, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Төрехан Майбастың «Қазақ халқының көмескіленген этнографиясы» атты кітабының тұсаукесер рәсімі өтті. Ұлттық кітап күні аясында ұйымдастырылған шараға зиялы қауым өкілдері, белгілі ғалымдар, өлкетанушылар, Парламент депутаттары қатысты. Басқосуды жүргізген журналист Қамбар Ахмет Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен бекітілген Ұлттық кітап күнінің мән-маңызына тоқталды.



Болатбек ӘШІМУЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Бірталай прозалық, этнографиялық кітаптардың авторы Төрехан Майбас Қарағанды облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетінде де біраз жыл қызмет істеген. Баспасөзде де, әдебиет саласында да талай уақыттан бері жемісті еңбек етіп келеді. Этнография саласында өмір бойы тірнектеп жинаған қоры, ізденістері мен өзіндік пайым-толғамдары бірнеше рет кітап болып жарық көрді. «Елқұжат», «Абадан», «Шікіл», «Үшінші ауыл», «Оныншы ауыл», «Айбар», «Жауһар», «Портреттер», «Айбөкен» атты кітаптары қалың оқырманның оң бағасын алған. Сондай-ақ, «Сарыарқа кітапханасы» жобасы

аясында таңдамалы шығармалары жарық көрді.

Бұл жолы қаламгердің жаңа кітабы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насихаттау» бағдарламасы аясында жарық көріп отыр. Еңбектің атауы айтып тұрғандай, мұнда қазақтың көмескіленген салт-дәстүрлері, көне наным-сенімдері, ел жадынан өшуге айналған түрлі ұғым-түсініктер қайта жаңғыртылып, мейлінше жан-жақты талданған.

Іс-шара барысында сөз алған ақын, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Серік Ақсұңқарұлы, белгілі қаламгер, академик Бауыржан Ома-

ров Төрехан Әкімжанұлының талай жылғы еңбегін лайықты бағалап, жарық көрген туындыларының ғылыми, рухани маңызына тоқталды.

Серік Ақсұңқарұлы жазушының осынау еңбегі Мемлекеттік сыйлыққа ұсынуға лайық деген жоғары пікірін айтты. Парламент Мәжілісінің депутаты Асхат Аймағамбетов ұлттық мұраны сақтау, дәріптеу, оны бүгінгі және келер ұрпақтың игілігіне пайдалану мемлекеттік саясаттың басым бағыты екенін атап өтті.

Салтанатты жиында академик Дихан Қамзабекұлы, Мәжіліс депутаттары Нұрлан Әуесбаев, Құдайберген Бексұлтанұлы, Аманжол Әл-

таев, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті филология факультетінің деканы Елдос Түйте, профессорлар Тілеген Салдық, Қойлыбай Асанов, «Saryarqa Aqarag» медиахолдингінің директоры Қайрат Әбілда сөз сөйлеп, автордың этнография саласындағы сүбелі еңбектерін айрықша бағалап, игі лебіздерін білдірді.

Кеш соңында жазушы-этнограф Төрехан Майбас жиналған көпшілікке жүрекжарды алғысын айтып, көп жылғы еңбегі ұлтымыздың қажетіне жарап жатқанына ризашылығын білдірді.

Сурет ұйымдастырушылардан

• ФУТБОЛ

«Шахтер» көш басына шықты

Футболдан Қазақстан Бірінші-Лигасының III туры өз мәресіне жетті. Бұл кезеңде қарағандылық «Шахтер» сырт алаңда «Арыс» клубын 6:0 есебімен жеңіп, турнирлік кестенің көш басына көтерілді. Әрі команда шабуылшысы Артем Литош лига ойындары аясында үш гол және екі голдық пас беріп, сұрмергендер тізімінде көш бастады.



Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Жерлестер сырт алаңда ойнағанына қарамастан, ойын тізгінін өз қолында ұстады. Шабуылда да, допка иелік етуде де қарсыластан басым болды. Ұрымтал сәттерді де жиі ұйымдастырды. Дегенмен, ойынның алғашқы 30 минутында есеп ашылмай тұрды.

Кезекті шабуылдардың бірінде қарағандылықтар оң қапталмен шабуыл ұйымдастырып, қарсы-

лас қақпасы маңында қысымды күшейтті. Осы сәтте алаң иелері «Шахтер» ойыншыларына қарсы ойын ережесін бұзып, төреші айып добын белгіледі. Бұл – есеп ашуға таптырмас мүмкіндік. Стан-дартты жағдайды Артем Литош орындап, қарсылас қақпашысын қапы қалдырды. Есеп – 1:0.

Кездесудің 40-шы минутында Артем шабуылды ұтымды өрбітіп, алға ұмтылған әріптесі Максим Галкинге дәл пас жеткізді. Максим болса өзіне келген мүмкіндікті мүлт жібермей, есепті еселей түсті. Осылайша, бірінші тайм 2:0 есебімен қарағандылықтардың пайдасына шешілді.

Екінші таймды қарағандылықтар белсенді бастады. Доп ойынға қосылған сәттен-ақ бірден шабуылға көшті. Доп қорғаушы Александр Мигуновтың аяғына түскен бетте ол алға қарай әуелете асырған. Сол сәтте Артем Литош допка қарсыластардан бұрын жетіп, небәрі 10 секундтың ішінде есепті өзгертті.

Ойынның 56-шы минутында Рифат Нұрмұғамет мергендігімен көзге түссе, 66-шы минутта Артем Литош өз есебіне тағы бір гол жазып, хет-трик авторы атанды. Ал, 81-ші минутта Арман Нүсіп қарсылас қақпасын тағы да дәл көздеп, алтыншы голдың авторы атанды.

Қазіргі уақытта турнир кестесінің II және III орнында 6 ұпаймен «Оңтүстік академия» клубы мен «Жайық» тұр. Енді жерлестер I мамырда өз алаңында «Тобыл 2» клубын қабылдайды.

Сурет клубтың әлеуметтік желідегі парақшасынан

• СЕМИНАР

Уақытпен үндескен

Бұрын қағаз кітапты қолға алып, кітапханада отырып оқу үйренішті көрініс болса, бүгінгі таңда оның орнын электронды кітаптар, смарт-оқулықтар, цифрлық платформа алмастырды. Мұндай өзгеріс кітапхана қызметіне де жаңа міндет жүктеп отыр. Ейдеше, замана көшінен қалмай, оқырманнан жырақтап кетпей, қайта оған жақындай түсу үшін кітапхана қандай бағыт ұстануы керек? Осы сауал төңірегінде Егіндібұлақ ауылының кітапханасында «Заманауи кітапхана: даму үрдістері мен болашақ бағыттары» атты семинар өтті.

Мағжан ҚУДАЙБЕРГЕН, «Ortalyq Qazaqstan»

Тағлымды басқосуға Қарқаралы ауданының түпкір-түпкірінен кітапхана мамандары жиналып, өзара тәжірибе алмасып, ой бөлісті. Семинардың негізгі мақсаты – кітапхана ісіндегі заманауи даму үрдістерін саралау, болашақтағы басым бағыттарды айқындау және оқырманды кітапханаға тартудың тиімді жолдарын қарастыру.

Семинар қонақтарын ауылдың өнерлі балдырғандары күмбірлеген күймен қарсы алып, шараның шырайын аша түсті. Семинар аясында Балқантаудың баурайынан түлеп ұшқан талантты қаламгерлер – Кәрім Сауғабай, Тұрсын Жұмаш, Жұлдыз Тойбек сынды ақындардың шығармашылық мұрасы таныстырылды.

Әрі қарай қатысушылар кітапхана ішін аралап, шағын экскурсияға қатысты. Қонақтар ауыл кітапханасының мол кітап қорымен танысып, оның оқырман игілігіне қалай қызмет етіп отырғанын да көрді.

– Әр құндылық уақыт талабына орай түрлене түседі. Расында, осындай тағлымды басқосулар кітапхана ісін ілгерілетуде аса қажет. Әркім өз ойын ортаға салып, ортақ мәселенің шешу жолдарын бірге қарастырып, бірігіп жұмыс жасайды. Қазір ауыл тұрғындарының арасында да бұрынғыдай кітапханаға келушілердің сирегені жасырын емес. Сондықтан, оқыр-

манды кітапханадан алшақтатып алмай, қайта оған қалай жақындата түсеміз деген мәселені үнемі ой елегінен өткізіп, әріптестермен пікір алмасып тұрған жөн, – деді семинардың ұйымдастырушылардың бірі, кітапханашы Маржан Мейрханова.

Семинар барысында кітап төңірегіндегі әртүрлі тақырыптарды қамтыған баяндамалар оқылды. Онда кітапхананың бүгінгі бет-бейнесі, оқырман сұранысындағы өзгерістер, жаңа технологияларды кітапхана қызметіне енгізу, жастарды кітап оқуға баулу, ауыл кітапханасының мәдени-рухани өмірдегі орны секілді өзекті мәселелер кеңінен қозғалды.

Семинар мазмұнын аша түскен сәттің бірі – сергіту кезеңінде ұйымдастырылған сұрақ-жауап ойыны. Қатысушыларға кітапқа, әдебиетке, көркем шығармаларға қатысты қызықты сауалдар қойылып, түрлі жұмбақтар жасырылды. Бұл өз кезегінде басқосудың танымдық сипатын арттырып, қатысушылардың серпіліс алуына мүмкіндік берді.

Семинарға келген кітапханашылар да өз ойларын ортаға салып, саладағы өзекті мәселелер мен тиімді тәжірибелер туралы ашық пікір алмасты. Жиын соңында барлық қатысушыларға ұйымдастырушылар тарапынан Алғыс хаттар табысталды.

Қарқаралы ауданы

• САМБО

Ереванда ерледі

Қарқаралылық Мәдина Ержан Армения елінің астанасы Ереванда самбо күресінен өткен әлем кубогында қола жүлдегер атанды.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»


Қоянды ауылының балуан қызы 80 килограммдық салмақ дәрежесінде күрескен болатын. Жартылай финалға дейін сүрінбей жеткен Мәдинаның бұл табысы – тынымсыз еңбектің, табандылық пен кәсіби шеберліктің нәтижесі. Саңлақ

спортшының бұл жетістігі үлкен спортқа құлаш ұрған жеткіншектерге өнеге болатыны күмәнсіз.

Мәдина Ержан алдағы уақыттарда да халықаралық, әлемдік додаларда жеңістің биік тұғырынан көрінетініне жерлестері күмән келтірмейді.

Грек-рим күресі – елімізде кең тараған және олимпиадалық спорт түрі болғандықтан, мұндай жетістіктер жас буынның спортқа деген қызығушылығын арттырады.

Сурет автордан



<p>ORTALYQ QAZAQSTAN Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет</p> <p>Құрылтайшысы: облыс әкімдігі МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqarag» ЖШС</p> <p>Директор Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА</p> <p>Директордың орынбасары Станислав Альбертович ПЕСНЕВ</p> <p>Директордың орынбасары Ғалия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА</p> <p>Бас редактор Е.К. МҮСАБЕК Бас редактордың орынбасары Қ.А. АЙТЖАН</p> <p>Сайт редакторы А.Ә. СОВЕТ</p> <p>Жауапты хатшы С.Б. ПИЯШ</p>	<p>Телефондар: Бас редактор: 43-38-53 Бас редактордың орынбасары: 43-58-08 Интернет-редакция редакторы: 43-38-33 Жауапты хатшы: 43-49-72 Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;</p> <p>Меншікті тілшілер: Ақтоғай, Шет, Балқаш, Приозерск: 8-702-293-13-70 Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-702-216-73-50 Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай, Бұқар жырау: 8-775-189-33-19</p>	<ul style="list-style-type: none"> Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Материалдың жариялану ақысы төленген ☑ <p>Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № КЗ18ВР00030163 куәлігі берілді.</p> <p>Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.</p> <p>Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 ғй.</p> <p>Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru</p>	<p>«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ Есеп-шот: kz50826MKZTD2003131, БИК КСЗБЖЗКХ БИН 000840001412</p> <p>Тарапмы 4 068 №44 тапсырыс. Индекс 65484 Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.</p> <p>Бағасы келісім бойынша «Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды. Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15. Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген. Кезекші редактор Жамал СОВЕТҚЫЗЫ</p>
---	---	---	---